

#КүшімізБірлікте

Халқымыз татулық пен тұрақтылыққа ерекше мән берген. Оны бәрінен биік қойған. Біз дәл осы кезде бір жазадан бас, бір жеңнен қол шығара білуіміз керек.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН



Ерлан ҚАРИН:
АЛДАҒЫ
САЙЛАУДЫҢ
10 ЖАҢАЛЫҒЫ

3

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ҚАЛА БАСШЫСЫ
ӘУЕЗОВ АУДАНЫНЫҢ
ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСЕДІ

26 қаңтар күні, сағат 9.00-де Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың Әуезов ауданының тұрғындарымен кездесуі «Ақсай-4» шағынауданы, 107 мекенжайындағы №132 гимназияда өтеді. Кездесуді онлайн-режимде «Алматы» телеарнасының YouTube парақшасынан және Әуезов әкімдігінің Facebook парақшасынан көруге болады.

Коронавирус инфекциясы таралуының алдын алу мақсатында кездесу барысында бетперде режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтау ұсынылады. Сондай-ақ, бөлмелерде қолды өндеуге арналған санитайзерлер орнатылады.

НАРЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ



БАСПАНА

8

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

24.01.2023

Түнде:



-13-15 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



-3-5 °C

Көшпелі бұлтты,
қар.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

25.01.2023

Түнде:



-13-15 °C

Көшпелі бұлтты,
кей уақытта қар.

Күндіз:



-3-5 °C

Көшпелі бұлтты,
кей уақытта қар.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №10 (6303) 24 қаңтар, сейсенбі, 2023 жыл.

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

ӨНДІРІС МӘДЕНИЕТІ ЖОҒАРЫ ЗАУЫТ

Елімізде Kia автомобильдерінің шағын тораптық өндірісі (CKD) іске қосылды



Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлағандай, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қостанайға жұмыс сапары аясында Allur автомобиль зауытының жұмысымен танысып, Kia автомобильдерінің шағын тораптық өндірісін (CKD) іске қосты.

6

ӘКІМ

«СОЛЬ НАЛЬ-2023»: жақсылық пен жаңарудың басы



Республика сарайында Қазақстан кәрістер қауымдастығының ұйымдастыруымен «Соль Наль-2023» шығыс күнтізбесіне сай жаңа жыл мерекесіне арналған мерекелік жиын өтті. Мерекелік жиынға Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қатысты. Аталмыш мереке қыстың аязды күніне дәл келгенімен, мейірім мен жылылыққа толы.

7

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Air Astana президентін қабылдады.
- Президент XXXI дүниежүзілік қысқы универсиадада табысты өнер көрсеткен Қазақстанның студенттер құрамасын құттықтады.
- ҚР ОСК: 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша біз сайлаушылар тізіміне 11 970 406 сайлаушыны енгіздік.
- Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі Алматыда сайт жетекшілерімен және блогерлермен кездесті.
- Қазақстанда интернет-жарнама және онлайн платформалар туралы заң жобасы әзірленеді.
- Еліміздің әуе паркі Airbus A320 және Boeing 787 Dreamliner секілді жаңа буын ұшақтарымен толықтырылады.
- Елімізде көппәтерлі тұрғын үйлерді басқарудың жаңа түрін енгізу жоспарлануда.
- Абу-Даби мен Алматы қалалары арасындағы рейстер саны 4-ке дейін артты. Рейстер «Airbus A320/A321» әуе кемелерімен орындалады.
- Алтын, көмір, темір және мыс кен орындары мемлекет меншігіне қайтарылды.
- Қазақстандықтарға 2,9 трлн теңгеден астам зейнетақы төленді.
- Димаш Құдайберген «Stranger» турнесімен Түркияға барады.
- Хоккейден Қазақстанның студенттік құрамасы Лейк-Плэсидте (АҚШ) өтіп жатқан 2023 жылғы Универсиадада қола жүлдегер атанды.
- Бангкок қаласында өтіп жатқан 22 жасқа дейінгі Азия чемпионаты-2023 турнирінің финалына Қазақстанның үш боксшысы шықты.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қостанай облысына жұмыс сапары барысында, ең алдымен, Рудный қаласындағы жылу құбырының жарылу салдарымен танысып, қалпына келтіру жұмыстарының барысы туралы өңір басшылығының баяндамасын тыңдады.

Президент құбырдың жарылғаны туралы хабарды тексеру үшін арнайы келгенін, Үкіметке, облыс пен қала әкімдеріне осы жағдайды жедел қалпына келтіру туралы тапсырма бергенін айтты. «Жалпы, еліміз бойынша да, осы облыста да жылу құбырлары апатты жағдайда тұр. Жағдай өте ауыр. Үкіметке бүгіннен бастап, әсіресе көктем және жаз айларында қысқы жылыту маусымына мұқият дайындалуды тапсырамын. Бұл – атқаратын басты міндет, себебі мұны созбалаңға салуға болмайды. Желілердің тозу деңгейі өте жоғары, 70, 80, кейбір жерлерде тіпті 90 пайызға дейін жетеді. Осы жұмыстармен айналысу қажет», – деді Президент. Үкіметке және Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақаловқа барлық коммуналдық нысанның үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету ісін ерекше бақылауға алуды тапсырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қостанайға жұмыс сапары аясында, сондай-ақ Лисаков қаласындағы балаларға арналған «Алақай» отбасылық демалыс орталығына, «Лисаковскгоркоммунэнерго» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына қарасты жылу электр орталығына барды. Рудный қаласындағы құс фабрикасындағы құс шаруашылығына заманауи технологияларды енгізу жөніндегі пилоттық жобаның жүзеге асырылу барысымен танысты.

■ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ

Конституциялық Сотта азаматтардың жолдаған өтініштерін қарауға қатысты мәселелер талқыланды. Азаматтың Конституциялық Сотқа өтінішімен жүзін у құқығы Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабында бекітілген.

Конституциялық Соттың баспасөз қызметі хабарлағандай, бүгінгі таңда Конституциялық Сотқа азаматтардан 500-ден аса өтініш келіп түсті. Олардың басым бөлігі екі жылдан астам уақыт бұрын күшіне енген қылмыстық сот үкімдерінің күшін жоюға, тексеруге және қайта қарауға қатысты. Ал «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Конституциялық заңның 45-бабының 2-тармағына сәйкес азаматтың өтініші, егер ол сот актісі қабылданғаннан кейін бір жылдан кешіктірілмейтін мерзімде берілсе қарауға жатады. Азаматтардың өтініштерінің 90%-дан астамында Конституциялық заңның 41, 44, 45-баптарының талаптары сақталмай жолданған. Осыған байланысты алғашқы қарау нәтижелері бойынша азаматтар мен ұйымдар атынан өтініш берушілердің атына заңнамалық талаптарды түсіндіре отырып және анықталған бұзушылықтар жойылған жағдайда қайта жүгіну мүмкіндігі сақталатынын көрсете отырып, егжей-тегжейлі жауаптар жолданып жатқаны айтылды. Конституциялық Сотқа өтініштер Электрондық құжат айналымының бірінші жүйесі, электрондық үкіметтің веб-порталы және e-Ötinish арқылы қабылданады.

■ СЕНАТ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев пен белгілі қоғам қайраткері, Қолданбалы экономиканы зерттеу орталығының ғылыми жетекшісі Жақсыбек Құлекеев Талдау мектебінде дәріс оқыды.

Бұл – Талдау мектебінің екінші кезеңіне қатысушыларды оқыту. Сенат жанындағы Жас сарапшылар клубының бастамасымен қолға алынған жобаға бұған дейін Палата Төрағасы Мәулен Әшімбаев қолдау білдірген еді. Мектептің екінші кезеңінде қазақстандық және шетелдік белгілі сарапшылар дәріс оқыды.

Мәулен Әшімбаев атап өткендей, жоба мемлекеттік басқаруда, әлеуметтік және гуманитарлық зерттеулерде, медиа және басқа да салаларда талдамалық тәсілдерді күшейтуді көздейді. Соған сәйкес оқыту процесінде сапалы талдаудың критерийлерін, стандарттары мен ерекшеліктерін игеруге, аналитикалық мәтіндерді жазудың тәжірибелік дағдыларын пысықтауға басымдық беріледі. Биылғы оқыту курсы «Қазақстанның өңірлік дамуы: проблемалар мен перспективалар» тақырыбына арналып отыр.

Сенат Төрағасы мемлекеттік басқарудағы аналитикалық әдістер мен тәсілдерге назар аударды. Сонымен қатар, сапалы аналитика формаларымен және зерттеулер мен практикалық дағдыларды жетілдіруге қатысты жеке тәжірибесімен бөлісті. Ал Жақсыбек Құлекеев қазіргі талдаушылар қандай болуы керектігі жөнінде пікір білдірді және осы бағыттағы ұсыныстарымен бөлісті. Сонымен қатар, сарапшы геосаяси проблемалардың елдің мұнай-газ секторына тигізетін әсеріне назар аударды.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Қазақстан экономикасын монополизациялау жөніндегі комиссияның кезекті отырысын өткізді.

Алқалы жиынға қатысушылар теміржол тасымалында өндірістік процестің ажырамас бөлігі болып табылатын кейбір активтерді мемлекет меншігіне қайтару шараларын талқылады. Отырыс барысында бірқатар жеке компаниялардың меншік иелерінен 145 кірме теміржолын республика меншігіне беру туралы ұсыныстар келіп түскені айтылды. Үкімет басшысы осы шараларды іске асыру үшін барлық қажетті рәсімдерді жүргізуді тапсырды.

Сонымен қатар, комиссия мүшелері мұнай-газ саласының кейбір инфрақұрылымдық объектілерін мемлекет меншігіне қайтару жөніндегі жұмыстың барысын қарады. Отырысты қорытындылай келе, Әлихан Смайылов жақын арада нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін қаралған барлық мәселелер бойынша рәсімдерді жеделдетуді тапсырды.

■ МИНИСТРЛІК

Өткен жылы қазақстандықтарға республикалық бюджеттен 2,9 трлн теңгеден астам сомаға зейнетақы төленді, оның ішінде базалық зейнетақыға 883,7 млрд теңге, ынтымақты зейнетақыға – 2022,6 млрд теңге жұмсалды, деп хабарлады ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі.

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша зейнеткерлер саны – 2 млн 295 мың адам. Биылғы жылдың 1 қаңтарында жиынтық зейнетақының орташа мөлшері 108 761 теңгені құрады, оның ішінде ынтымақты зейнетақы мөлшері – 74 950 теңге, базалық зейнетақы – 33 811 теңге.

«2023–2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңға сәйкес жасына және еңбек сіңірген жылдарына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап алынатын мөлшерден 10,5%-ға артты. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру шеңберінде ынтымақты зейнетақыны есептеу үшін ең жоғары табыс мөлшері 46-дан 55 АЕК-ке дейін ұлғайтылды. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің ұлғаюына байланысты, сондай-ақ ең төменгі мөлшердің ең төменгі күнкөріс деңгейінің 54%-дан 60%-ға дейін ұлғаюына байланысты арттырылды. Осылайша 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап базалық зейнетақы төлемін ескере отырып, зейнетақылардың ең төменгі мөлшері 68 223 теңгеден (2022 жылы) 77 417 теңгеге дейін артты.

● ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНДА

НЕГІЗГІ ТАЛАП – ЗАҢДЫЛЫҚТЫ ҚАТАҢ САҚТАУ

Сайлау науқанының ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз ету үшін барлық шаралар қабылданатын болады



Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттарының депутаттарын сайлау жөніндегі науқан шеңберінде Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының кезекті отырысы өтті.

Жиында Қазақстан Республикасы сайлау заңнамасының жаңа енгізілімдері туралы; Саяси партияларды партиялық тізімдер бойынша сайланатын Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарын сайлауға қатысуға жіберу туралы; «2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған кезектен тыс сайлауда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттарының депутаттығына кандидаттарды ұсыну тәртібі туралы»; Сайлауды байқау жөніндегі қоғамдық бірлестіктерді, коммерциялық емес ұйымдарды аккредиттеу жайлы мәселелер қаралды.

• Мәжіліс депутаттары ағымдағы жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалдық өкілдік ету жүйесі бойынша, сондай-ақ бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланады;

• облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың депутаттарының жартысы бірыңғай аумақтық сайлау округтері бойынша сайланады;

• аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар мәслихаттарының депутаттары бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланады.

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы Нұрлан Әбдіров Орталық сайлау комиссиясы сайлау заңнамасын түсіндіруге және сайлаушыларды, сондай-ақ сайлау процесіне қатысушылардың барлығын сайлау науқанының барысы туралы хабардар етуге көп көңіл бөлетінін атап өтті.

«Қазақстан Республикасы сайлау заңнамасының жаңа енгізілімдері туралы» Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Асылбек Смағұлов баяндады. Ол Мәжіліс пен мәслихаттар депутаттарының алдағы кезектен тыс сайлауы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына енгізілген түзетулерге сәйкес жаңа форматта өтетінін хабарлады. Бұл ретте Конституциялық заңның 9-бабының 2, 3, 4-тармақтарында көзделген жаңа қағидалар назарға алынады.

Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Шавқат Өтемісов «Саяси партияларды партиялық тізімдер бойынша сайланатын Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарын сайлауға қатысуға жіберу туралы» баяндама жасады. Қазақстан Республикасында тіркелген саяси партиялардың барлығының филиалдары бүкіл аудандар мен қалаларда құрылмағандықтан, барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдерін ұсыну облыстық филиалдардың конференцияларында жүзеге асырылады. «Байтақ» қазақстандық жасылдар партиясының филиалдары Атырау, Қарағанды және Қызылорда облыстарында болғандықтан, бұл партия тек қана аталған облыстардың мәслихаттар депутаттарын сайлауға жіберіледі. «Respublica» партиясының облыстарда филиалдары жоқ. Осыған байланысты отырыста жеке-леген қаулылар қабылданды.

Отырысты қорытындылай келе, Ортсайлауком Төрағасы

Нұрлан Әбдіров сайлауды ұйымдастырушылар мен қатысушыларға қойылатын негізгі талап – заңдылықты қатаң сақтау екенін атап өтті. Орталық сайлау комиссиясы ағымдағы сайлау науқаны-

- Мәжіліс депутаттарының 70 пайызы және облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар мәслихаттары депутаттарының жартысы партиялық тізімдер бойынша сайланады. Оларды ұсыну құқығы саяси партияларға тиесілі. Мәжіліс депутаттарының 30 пайызы және аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар мәслихаттарының барлық депутаттары бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланады.
- Тіркеуге саяси партиялар арасында бөлінетін депутаттық мандаттардың белгіленген санынан аспайтын, оған енгізілген адамдар саны 30%-ға бір саяси партиядан Парламент Мәжілісі депутаттығына кандидаттардың бір ғана тізімі жіберіледі.
- Мәжіліс пен мәслихат депутаттығына кандидаттарды тіркеу 2023 жылғы 20 қаңтарда басталып, 2023 жылғы 18 ақпанда жергілікті уақыт бойынша сағат 18.00-де аяқталады.

ның ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қабылдайтын болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



САЙЛАУ – 2023

Ерлан ҚАРИН:

АЛДАҒЫ САЙЛАУДЫҢ 10 ЖАҢАЛЫҒЫ



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин өзінің Telegram-арнасында алдағы депутаттар сайлауының 10 жаңалығын атап көрсетті. 2023 жылы 19 наурызда өтетін бұл сайлаудың басты он ерекшелігі:

- 2004 жылдан кейін алғаш рет Мәжіліске депутаттар бір мандатты округтер арқылы сайланады (98 депутаттың 29-ы);

- Үміткерлерге партиялар мен Үкіметтік емес ұйымдар атынан ғана емес, өзін-өзі ұсынуға мүмкіндік туды;
- Бұл кезектен тыс сайлау болғанымен, оның өтетін мерзімі жарты жыл бұрын белгілі болды;
- Партиялардың Парламентке өтуі үшін белгіленген төменгі шегі 7 пайыздан 5 пайызға төмендетілді;
- Әйелдер, жастар және ерекше мұқтаждығы бар адамдар үшін қарастырылған 30 пайыздық квота партиялық тізім мен мандаттардың бөлінісі кезінде сақталады;
- Мәжілістің жаңа құрамында Қазақстан халқы Ассамблеясының квотасы болмайды;
- Алғаш рет Мәжіліс пен мәслихаттар сайлауында «бөріне қарсымын» деген баған сайлау бюллетендеріне енгізіледі;
- Сайлауға 7 саяси партия қатысуға құқылы. Оның екеуі партиялар туралы заңның жаңа нормалары күшіне енгеннен кейін тіркелді;
- Облыстардағы аймақтық сайлау комиссиялары енді кәсіби түрде жұмыс істейді;
- Сайлаушылар бес бюллетень бойынша дауыс береді (республикалық маңызы бар қалалардағы бюллетень саны төртеу).

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

(Дереккөз: Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі).

Бақытжан САТЕРШИНОВ,
философия ғылымының докторы,
профессор:

СЕНІМ ЖӘНЕ ДІН Халық өз таңдауын жасайды



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жетінші сайланған ҚР Парламентінің Мәжілісін тарату және ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы Жарлыққа қол қойды. Онда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарын сайлау мерзімі 2023 жылғы 19 наурызға бекітілді. Бұл маңызды шара елімізді жан-жақты жаңарту мен әділетті мемлекет құру жолында билік тарапынан жоспарланған саяси реформалардың жалғасын табуын білдіреді. Өз сөзінде Президент баршаны азаматтық белсенділік танытып, Мәжіліс пен мәслихат сайлауларына белсенді қатысуға шақырды.

Сайлауға қатысу мәселесі бекерден-бекер көтерілмейді, өткен жылдардың тәжірибесі көрсеткендей, азаматтардың белсенділігі, әсіресе Алматы қаласындағы көрсеткіш өте төмен болды. Электораттың дауыс берудегі енjarлығының бірнеше себептері болуы мүмкін.

Кеңес дәуірінде әміршіл-әкімшіл жүйе пәрменді идеологияның ықпалымен сайлауды мерекеге айналдырып (қазақта дүниеге келген нәрестеге Сайлау деп ат қою үрдісі шықты), «көрнекі» легитимділігін көрсету үшін барша электоратты қамтуға тырысатын. Тәуелсіздік

алғалы бері отыз жыл өтсе де, авторитарлық билік пен өктем бір партиялық жүйенің номенклатуралық тәсілі өзінің инерциясын ұстап қалды. Таңдау жасау үшін де лайықты балама қажет. Сайлаушының шынайы мүддесі мен көңілінен шығатын үміткердің болмауы бұл жасанды демократиялық үрдіске деген немқұрайдылық тудырады.

Кезінде католиктік империяның құрсауынан босанып шығып, өз ұлттық мемлекеттілігін шегендеу барысында батысеуропалық елдерде демократиялық сайлау жүйесі мен парламентаризм институты қалыптасты. Құқық пен мемлекеттің үздік үлгісін әкелгенімен, батысеуропалықтар Жаңа дүниені жаулап алу мен отарлау барысында түземдіктерді шұрайлы жерлерінен ығыстырып, олардың мәдениетін, тілі мен дінін нәсілдік кемсітушілікке ұшыратып, сегрегация, апартеид, геноцид құбылыстарын ұйымдастырды, олардың адами және азаматтық құқықтарын аяққа таптады. Дәстүрлі қазақ қоғамы басқа да шығыстық ұлт-ұлыстармен қатар, осы үдерістерді бастан кешірді. Патшалық Ресейдің өз империясында жүргізген отаршылдығы да батыстық колониализмнің құрамдас бөлігі болды. Және де ол КСРО тұсындағы тоталитарлық қоғамда жалғасын тапты. Сондықтан әлемдегі дамушы елдердің басым бөлігінде саяси модернизация жүзеге асқанымен, қоғамның бірқатар сегментінде метрополиядан енген жатжұрттық жаңашылдыққа тосырқап қарайтын бөтенсу бар.

КСРО кезінде құрамынан босап шыққан біршама тәуелсіз мемлекеттер кезінде атеизмнің құқайын бастан өткізді. Бүгінде дін ұстану бостандығына ие болған қоғамның діндарлар тобы әлі күнге дейін зайырлылықты атеизммен шатастырып, әлеуметтік қатынастардың шариғат тұрғысынан болуын қалайды. Ислам дінінің қайнар көздері – Құран мен Суннада мұсылмандардың сайлауға қатысуына қатысты тура нұсқау болмағандықтан, бұл «иджитхад» мәселесі болып саналады. Сондықтан ислам ғұламалары аталмыш мәселені сайлауға қатысудың мұсылмандар үшін пайдасы немесе зияны тұрғысынан қарастырады. Біздің Мемлекетіміздің басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан» құрамын деген ниетте екені белгілі. Ислам дінінде «әділет – хақтың жолы» екендігін ескерсек, қазақстандық мұсылман жамағаты Мәжіліс пен мәслихат сайлауына белсенді қатысып, дауысын беріп, өз таңдауын жасайды деп ойлаймын.



Саясат БЕЙІСБАЙ,
Философия, саясаттану және дінтану
институтының бас сарапшысы:

САЯСИ ДОДА БАСТАЛДЫ

Өткен Парламенттің таратылуы – жұрттың бәрі көптен күткен шара болды. Бұрынғы депутаттар өздерінің өкілеттігі бітетінін іштей сезіп, соған дайын жүрді. Енді бұрынғы халық қалаулыларының біразы тағы да бағын сынап, егер халық оларды лайық деп тапса, қайтадан сайлауға қатысудан үмітті. Оны енді негізінен өздері мүшесі болған партиялары шешеді. Жұртшылықтың жаңа Парламенттен күтері көп. Президент атап айтқанындай, жаңа сайланатын Парламенттің билігі үлкен болуы тиіс. Көпшіліктің айтуынша, егер рас болып, соған дәлел табылса, шетелге шығып кеткен қыруар қаржыны қайтаруды Мәжіліс депутаттары үкіметтен сұрап, талап етуі тиіс. Бұл халық қалаулыларының беделін арттыра түсер еді.

Депутаттардың 30 пайызы жастар мен әйелдер және мүмкіндігі шектеулі азаматтар болатыны айтылды. Мемлекет басшысы бұл сайлау әділетті, адал өтуі тиістігін қадап айтты. Ол үш прокуратура, басқа да қадағалаушы органдар сайлау барысын бақылауға дайын болуы тиіс. Халықтың көңілінен шықпаған, лайық емес кейбір депутаттарды сол партияның мүшелері мүйіздеп, ондайлардың мандатын дереу кері қайтарып алу мәселесі өте орынды. Айталық, «Ақ жол» партиясының өз мүшесіне деген әрекеті осыған мысал.

Осы сайлауда халықты бұл саяси шараға тартуда белсенділікті арттыру әрбір партияның ісі болмақ. Қазір тіркеліп үлгерген жеті партия бар. Олар егер сайлауға қатысса, өздерінің саяси бағыттары арқылы дауыс жинауға мүмкіндік туады. Енді сол партиялардың басты мақсаты – тиісті дауыс жинау арқылы қайткенде Парламентке өту. Өткен Президент сайлауында алматылықтардың отыз пайыздайы ғана дауыс беруге қатысқаны белгілі. Осы жолы партиялар сайлаушыларды барынша оятып, саяси науқанға белсене тартуға тырысады.

Бізде Мемлекет басшысының айтуынша, ендігі жерде Парламент басқару билігінің біраз бөлігін өз құзыретіне алады. Түбі біз болашақта елді басқару моделін жаңартып, билік тармақтарын ықшамдауға келеміз. Жаңа Парламент осыны қолға алуды бастайды. Сондай-ақ, Парламентте оппозиция өкілдері де болуы тиіс. Сындарлы пікірталас арқылы ілгері дамуға жол ашылады. Жаңа пайда болған партиялар бұрынғы саяси ұйымдарға қарсы тұрып, жылдар бойғы қатып қалған қағидаларына тойтарыс беріп, жаңашылдық үшін күресетін болады.

Осыған дейін жергілікті мәслихат депутаттары аймақтағы өз басшыларының айтқанынан шықпай, әкімдерге жалтақтап келсе, енді өз құзыреттері арта түскен соң батыл әрекеттерге көшіп, белсенділік танытулары тиіс. Демек, мәслихат депутаттарының да беделі арта түседі. Ендігі жерде олар барынша еркін, батыл қимылдап, өз ойларын батыл айта алатын депутаттар болады деген үміт үлкен. Депутаттар арасында Президент атап көрсеткеніндей, елімізде ауыл шаруашылығын дамытуға батыл кірісетін білікті мамандар, әсіресе ғылым мен білімді, өндірісті өркендететін лайықты халық қалаулылары көп болуы тиіс. Кей депутаттар мажоритарлы әдіс арқылы өзін-өзі ұсына алады. Оларды да халық танып біліп, егер дәлелі жүйелі, орынды болса, неге сайламасқа? Сонымен, халық үмітін қай депутат ақтайды? Сайлаушылар соларды таңдайды.

Бұл сайлауда әрбір партия саяси өз бақылаушыларының белсенділігін арттырып, қадағалауды күшейтеді. Осы арада мына мәселе де назардан тыс қалмауы тиіс. Жыл басында жаңа ғана тіркеліп үлгерген кейбір партиялар, мысалы, блогерлердің «Respublica» партиясы бұл сайлауда тиісті дауыс жинап үлгере ме? Сонымен, Мәжілістегі және мәслихаттағы әр дауыс үшін шынайы әрі әділетті күрес жолындағы саяси дода басталды. Ендігі жерде жаңадан сайланатын депутаттар қуатты мемлекет пен мықты азаматтық қоғам құру жолында шынайы күрескер болып еңбек етулері тиіс.



КӨБЕЙ, ҚАЗАҚ!

ӘМІРХАН, ӘЛИХАН ЖӘНЕ АЯЛА

Алматыда үшем дүниеге келді



Қаланың №1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің аға өрт сөндіруші-құтқарушысы Еламан Дәуеновтың отбасында үшем дүниеге келді. Бұл сүйінші хабарды Төтенше жағдайлар министрлігі жария етті.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Әмірхан, Әлихан және Аяла есімді бөбектерді перзентханадан шығарып алу рәсіміне №1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімі екінші қарауылының жеке құрамы және өрт сөндіру қызметі басқармасының басшылығы да барды. Барлық сән-салтанатпен,

сырнайланып, кернейлетіп барған олар қуанышында шек жоқ жас әріптестеріне осылай қолдау көрсетті.

26 жастағы әке Еламан Қамбарұлы мемлекеттік өртке қарсы қызметте 7 жылдан бері қызмет етіп келеді. Ол былтырғы 5 қаңтарда Абай көшесі, 34 мекенжайында отқа оранған көпқабатты үйдегі құтқару жұмыстарына және өртті сөндіруге қатысқан

болатын. Сол кезде №1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің қарауыл басшысы Арман Сәдуақастың басшылығымен қызметте жүрген өрт сөндірушілер бүлікшілердің шабуылына тап болған. Олар ешбір кедергіге қарамастан өртке оранған үйге кіріп, тұрғындарды жоғарғы қабаттардан эвакуациялап, тілсіз жауды ауыздықтаған. Нәтижесінде 1939 жылы туған әйелді құтқырып, ауруханаға аман-есен жеткізіп, дәрігерлерге табыстаған. Сонымен қатар, бүлікшілерден екі адамды аман алып қалып, оларды №1 мамандандырылған өрт сөндіру бөліміндегі қауіпсіз жерге орналастырған.

Еламан Дәуенов «қаңтар оқиғаларындағы» қызмет барысында көрсеткен қайсарлығы, елдегі төтенше жағдай кезінде азаматтардың мүлкін қорғап, тұрғындарға көрсеткен қамқорлығы үшін Алматы қаласы әкімінің және қалалық Кәсіпкерлер палатасының Алғыс хаттарымен марапатталды.

«Үшемнің әкесі болатынымды білгенде, қатты толқидым. Келіншегіміз екеуміз мұндай жағдай болуы мүмкін деп ойламадық», – дейді бірден үш баланың әкесі болып шыға келген әрі толқып тұрған жас әке.

ТЖД басшылығы жас отбасына ҚР заңнамасына сәйкес тиісті материалдық көмек беріп те үлгерді.

БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ

№199 мектептің қабырғасында Алматы мәслихаттың VII шақырылымындағы Amanat партиясы депутаттарының атқарылған жұмыстары туралы есептік кездесуі өтті.

ТҮРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Досбол
АТАЖАН

Бостандық ауданы тұрғындарының алдында Алматы мәслихатының бұрынғы депутаты Диана Ерлан атқарылған жұмыстары туралы баяндады.

«Мен Бостандық ауданының тұрғынымын және өткен жылдың шілде айынан бастап Алматы қаласы мәслихатының құрамында болдым. Депутаттық қызметтің жарты жылдығына қарамастан, мен жұртшылықпен ашық диалогқа және депутаттық корпус жұмысының нәтижелерімен бөлісуге дайынмын», – деді ол.

Алматы мәслихатының депутаты Бостандық ауданында 7 мыңнан астам ерекше қажеттілігі бар адамдар бар екенін айтып, олар үшін әлеуметтік инфрақұрылымның қолжетімділігі бағытында бірқатар жұмыстар атқарылғанын айтты.

«Өткен жылдың тамыз айында мені сөйлеу қабілеті бұзылған оқушыларға арналған №9 мектеп-интернаттың партиялық бақылаушысы етіп тағайындады. Интернат біздің ауданда орналасқан, бірақ бұл Алматыдағы осындай диагно-

зы бар балаларға арналған жалғыз оқу орны. Мердігердің жосықсыз қарым-қатынасы мен көптеген сот процестеріне байланысты ғимаратты жөндеу-құрылыс жұмыстарының мерзімі 4 жылға созылды.

Мен 139 оқушы осы уақыт ішінде қаланың басқа екі мектебінде оқуға мәжбүр болғанын анықтадым. Бұл мүлдем дұрыс емес. Біріншіден, бұл екі мектеп үшін ауыртпалық. Екіншіден, ата-аналар қолайсыз маршрутпен жүруге мәжбүр. Үшіншіден, бұл балалардың өздері үшін ыңғайсыздық тудырады. Сондықтан мен алдымен аудан әкіміне жүгіндім. Бұдан ары мәселе туралы қала әкімі хабарлар болып, алдыңғы аптада мекеменің құрылыс жұмысымен жеке өзі танысты. Осындай қолдаудың нәтижесінде мектеп жаңа оқу жылынан бастап ашылады», – деді Д.Ерлан.

Қалалық мәслихаттың бұрынғы депутаты сөз соңында еліміздегі саяси реформалар жайлы өз ойын білдірді. «Алматы мәслихатының VII шақырылымының таратылуы мен үшін және менің әріптестерім үшін күтпеген жайт болды деп айта алмаймын. Бұл Мемлекет басшысының саяси реформалары аясында заңды түрде орын алды», – деді ол.

ТҮРКСІБ АУДАНЫ

ШАҒЫНАУДАНЫҢ
ШАҒЫМДАРЫ ТЫҢДАЛДЫ

Түрксіб ауданының әкімі Бақытжан Ақжаров «Нұршашқан» шағынауданының тұрғындарымен кездесті.

Дос
ОРЫНБЕКҰЛЫ

Аудан тұрғындары электрмен қамту, жарықтандыру, жол құрылысы, қоғамдық көлік сынды өзекті мәселелердің шешімін сұрады.

Түрксіб ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, қазіргі таңда электр қуатын тұрақтандыру мақсатында «Тұздыбастау» қосалқы стансасының құрылысы жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар, электр желілерін қайта жаңғырту, 465 жаңа тірек, 8 трансформаторлық және 1 таратушы қосалқы станцияларды орнату жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі күні жобаға сәйкес жалпы жұмыстың 10 пайызы орындалған. Құрылыс-монтаждау жұмыстары жылыту маусымына байланысты тоқтатылған.

Аудан әкімі аталған жобаны жүзеге асыру шағын ауданды электрмен қамту сапасын арттыруға мүмкіндік беретінін және осы жылы электрмен жабдықтау жобалары бойынша жұмыстарды аяқтау жоспарланғанын айтты. Сонымен қатар, ол қазіргі таңда шағынаудан 97 пайызға жарықтандырылғанын және қалған үш көшені жарықтандыру жұмыстары сәуір айының соңына дейін аяқталатынын хабарлады.

Кездесу барысында апаттық жағдайлардың салдарымен күресі үшін қандай жұмыс істеліп жатқаны да айтылды. Аудан басшысының хабарлауынша, Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау

басқармасының мердігерлік ұйымы «Нұрай строй» су желілерінде анықталған апаттық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуде. Төтенше жағдай аясында, Тбилисская көшесіндегі кәріз коллекторын қалпына келтіру жұмыстары басталып, аяқталу мерзімі 2023 жылдың мамыр айына жоспарланған. Аталған жұмыс «Нұршашқан» шағынауданын сапалы сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Айта кеткен жөн, инженерлік желілерді тарту жобасында 13 абонент (Мейірім көшесі) қамтылмаған. Сондықтан аудан әкімдігі Энергетика және сумен жабдықтау басқармасына қамтылмай қалған аумақтарды жобалауға өтінім берді.

Сондай-ақ, Түрксіб ауданының әкімдігі Бердіқожа көшесінде жол құрылысын жүргізу үшін Жер қатынастары басқармасына жерді сатып алу бойынша сұраныс жіберген.

Айта кетерлігі, шағынауданда Жақұт көшесі бойында саябақ пен балалар алаңын абаттандыру мәселесі қарастырылуда. Жобаны іске асыру үшін «Бюджетке қатысу» бағдарламасы аясында аудан әкімдігі Алматы қаласының Жер қатынастары басқармасына жер телімдерін сатып алуға тағы бір сұраныс жіберген.

Аудан әкімінің халықпен кездесуі барысында өткен жылдың желтоқсан айында құрылысы басталған 100 келушіге арналған дәрігерлік амбулаторияның 2023 жылдың маусым айында қолданысқа берілетіні жоспарланып отырғаны айтылды.

«ТІЛ – ДОСТЫҚ ДӘНЕКЕРІ»



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алатау ауданының «Мәдениет» ықшамауданындағы №196 мектепте Алматы қаласы әкімшілігінің қолдауымен, «Тіл – достық дәнекері» атты іс-шара өтті. Алматы қаласы әкімшілігі Қазақстандағы тіл саясатын іске асырудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Соның бір дәлелі – өткен 2022 жылы өзге ұлт өкілдері арасында мемлекеттік тілді оқыту курсы бастап, жүйелі түрде қолға алған еді. Сол жұмыстардың дені өзінің алғашқы жемісін беріп отыр. Тілді білем деген адамға ниет болса, алынбайтын асу жоқ екен.

Рая
ЕСКЕНДІР

Быттырғы жылы Алатау ауданы, «Мәдениет» ықшамауданында тұрып жатқан дүнген этносы өкілдері алғашқы болып, өздерінің мемлекеттік тілді үйренуге ықыласты екендіктерін білдір-

ген еді. Көп ұзамай аудандағы №196 мектептен арнайы курс ашылды. Өзге тіл өкілдерінің мемлекеттік тілді меңгергісі келетінін қуана қолдап, қолұшын беруге оқытушылар да белсене кірісіп кетті. Айналасы үш айдың ішінде қазақ тілін өз тіліндей меңгеріп алған дүнген бауырлардың қуанышы тіпті ерекше.

– «Бір тіл білсең, бір адамсың, үш тіл білсең, үш адамсың» деген Қытай тәмсілі тегін айтылмаса керек. Оның үстіне тіл – саясат. Мемлекеттік тілді үйренуге ниет білдіріп, қазақ тілінде тап-таза сөйлеп отырған дүнген бауырларға риза болып отырмын, – деген Алматы қаласы әкімі аппаратының Тілдерді дамыту және ономастика бөлімінің бас маманы Нұрмұқа Шаймерденов қаламыз бойынша тілдік ахуалдың жай-күйі мен көкейкесті мәселелері төңірегінде кеңінен баяндады.

Келесі кезекте сөз алған «Мемлекеттік тілді дамыту институтының» бас директоры, ф.ғ.к. Бижомарт Қапалбек қазіргі таңдағы мемлекеттік тілді оқытудың жайына тоқталса, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Алматы қалалық филиалы төрағасының орынбасары Мұхтархан Абаған аталмыш қоғамның міндеті мен мақсаты туралы сөз қозғады.

Аудан мектептеріндегі мемлекеттік тіл тұрғысында Алатау аудандық білім бөлімінің басшысы Қарлығаш Ақмұрзаева да жан-жақты айтып өтті. Жиын барысында дүнген этносы өкілдеріне қазақ тілін үйреткен оқытушылар Сайрағұл Шағатаева мен Райхан Өтепова Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Жиын соңында «Аманат» партиясының Алатау аудандық филиалының мүшесі, қоғам белсендісі Ибрагим Масанов, курс тәңдаушысы Салим Масанов қалалық әкімшілікке ризашылықтарын жеткізді.



ҚАУІП ҚАЙДАН?

СЕЛГЕ ҚАРСЫ БӨГЕТТЕР

Үлкен Алматы мен Ақсай өзендері шатқалдарында орнатылып жатыр

Сел деп – жолында кездескен кедергілердің барлығын жайпап өтіп, таудан буырқанып құлай ағатын тас араласқан лай суды айтамыз. Екпінді су ағысының қандай алапат күш иесі екенін Алматы жұртшылығы жақсы біледі. Өйткені, бір кездері тосыннан болған табиғи апаттың салдарын өздері де бастан кешірген.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Төтенше жағдайлар министрлігі сайтының хабарлауынша, қазіргі таңда сел қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Үлкен Алматы және Ақсай өзендерінің бассейндерінде селді ұстап қалатын екі бөгеттің құрылысы жүріп жатыр. Осы өзендердің жоғары жағында 116 сел қауіпті учаскелер, 114 мұздық, 35 мұздақ-мұздық көлдер бар, оның 9-ында жарылыс қаупі бар.

Сел көбінесе тау баурайында орналасқан елді мекендерге қауіп төндіретіні айтпаса да түсінікті. Осыған орай, «Қазселденқорғау» және Алматы қаласы ТЖД басшылығы БАҚ өкілдері үшін баспасөз туры ұйымдастырып, журналистерге Үлкен Алматы өзенінің жоғарғы ағысындағы, Бостандық ауданы «Аюсай» өзенінің сағасынан төмен орна-



ласқан бөгеттің техникалық сипаттамалары туралы айтты.

Наурызбай ауданындағы «Ақсай» өзенінде де селді ұстап қалатын бөгеттің құрылыс-монтаждау жұмыстары жүріп жатыр. БАҚ өкілдеріне бөгеттің макеті көрсетіліп, «Ақсай» өзенінің бассейні Үлкен Алматы сияқты сел қаупінің бірінші санатына жататыны туралы ақпараттар берілді. Бөгеттің биіктігі – 75 метр, селден қорғау көлемі – 7 млн текше метр. Мамандардың айтуынша, селді ұстап қалатын бөгеттер құрылысының жоспарлы аяқталу мерзімі – 2023 жылға белгіленген.

Алматы қаласы ТЖД баспасөз қызметінің ақпаратына сәйкес, Үлкен Алматы және

Ақсай өзендері бассейндерінің сел қаупі жоғары. Олардың әсер ету аймағында 5 мыңнан астам тұрғын мен демалушы, сондай-ақ оңтүстік астананың қонақтары мен қызмет көрсетуші персонал қалуы мүмкін. Сел қаупі бар аймақта жазғы кезеңге аэровизуалды тексерулер жүргізу кезінде тек Үлкен Алматы өзенінің бассейні бойынша мамандар үш мыңнан астам автомашина мен 60 автобусты есептеді.

Бөгеттердің құрылысы сел тасқынынан болатын қауіпті барынша азайтуға мүмкіндік беріп, Алматы қаласының Бостандық, Наурызбай, Алмалы аудандары мен Алматы облысы, Қарасай ауданының шығыс бөлігінің халқын және объектілерін сенімді қорғауды

қамтамасыз ететін болады. Сонымен қатар, халықты сел қаупі туралы уақытылы хабардар ету үшін екі шатқалдың аумағында 51 дабыл құрылғысы орнатылды.

Алматы қаласы әкімдігінің белсенді қолдауымен соңғы жылдары алдын алу жұмыстарын жүргізу үшін, «Қазселденқорғау» қажеттіліктеріне жергілікті бюджет қаражатынан 2 экскаватор, 10 жылжымалы үй, өнімділігі жоғары 10 сорғы, 2000 метр сифон құбыры және бір жеңіл автокөлік сатып алынды. Айта кетейік, бүгінде Алматының биік таулы аймағында («Үлкен Алматы», «Ақсай», «Қарғалы» және «Кіші Алматы») 146 мұздық, 50-ден астам мұздақ-мұздық көл бар.

АЛМАТЫ ТАЗАЛЫҚ

Қар тазалаушылардың еңбегі ерен

Айналасы жарты сағаттың ішінде аялдамада тұрған жанның сақылдаған сары аяздан өзін қоярға жер таппай кететіні анық. Осындайда күні бойы қолынан күрегі түспей, айналадағы қарды айнадай қып тазалап шығатын «қар тазалаушылар» еңбегінің зор екенін байқайсыз.



Рая
ЕСКЕНДІР

Олар ақ түтек боранға қарамастан, қала көшелерін қардан тазалап, көліктерге жол ашып береді. Әгәрәки, көше қардан тазармай қалса, бүкіл қаладағы тіршіліктің әп-сәтте тоқтары анық. Сондықтан бір күн де, бір сәт

те тоқтамайтын еңбекқор жандардың жан-кешті еңбегінің адал екенін атқарып жатқан жұмысына қарап та бағалауға болады.

Жетісу ауданының коммуналдық шаруашылық бөлімінің жұмысы жылдың қай кезінде де қым-қуыт. Оның үстіне биылғы жауған қалың қар жұмысшылардың жауапкершілігін екі есеге ұлғайтып тастағандай. Күні бойғы қар тазалау жұмысына орта есеппен 140 жұмысшы мен 60 техника жұмылдырылады. Жұмысшылар аудан аумағына қарай бірнеше топқа бөлініп, екі ауысымда жұмыс жасайды. Бірінші ауысымдағы жұмысшылар таңертеңгі сағат 7.30-дан бастап іске кірісіп, 16.30-ға дейін өз міндеттерін орындайды. Ал екінші ауысымның жұмысы сағат 16.30-дан басталып, кешкі 20.30-ға дейін жалғасады. Екінші ауысымға шыққан жұмысшылардың жұмысы 20.30-да басталып, таңғы 5.30-ға дейін созылады. Бұған қоса, таңғы сағат 5.30-дан 7.30-ға дейін кезекші топтағы жұмысшылар мен техника қоса жүреді. Қалың қар түскен кезде қар тазалаушылар шамамен 100-ден астам текше қарды қала сыртына шығарады.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

БАС ЖОСПАРДЫ ТАЛҚЫЛАУҒА КЕЛІҢІЗ!

Алматының жаңа Бас жоспары әзірленді. Осыған орай, қоғамдық талқылаулар «Алматыбасжоспар» ғимаратында – Абай даңғылы, 90, 2-қабат – Q-Lab кеңістігі мекенжайы бойынша өтеді.

«Құрметті алматылықтар! 2023 жылдың 25, 26 және 27 қаңтарында өтетін қаланың Бас жоспарын қоғамдық талқылауға шақырамыз», – деп хабарлады Алматы қаласы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы.

11 адамды үсік шалған

Өткен аптада Алматыда қатты аяз болды. Ауа температурасы -25 градусқа төмендеген соң оқушылар онлайн-форматта қашықтан оқыды. Төтеншеліктер алыс жолға шықпауға, жылы киінуге кеңес берді.



Күн суыды деп тіршілік тоқтасын ба, жұртшылық уақытылы жұмысын жалғастыра берді. Бірақ сол кездері көшеде тайып жығылып немесе суықтан қатты тоңып қалған тұрғындар дәрігердің көмегіне де жүгініп жатты.

Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, 10 қаңтардан бері 216 адам ақ халаттылардың көмегіне жүгінген. Олардың басым бөлігі түрлі дене жарақатын алған. 11 тұрғынды үсік шалған.

«Жыл басынан қатты аязда үсіп қалған бір адам көз жұмды. Оның

тұрғылықты мекенжайы болмаған. Аяз кезінде сыртқы киім мен аяқкиімге ерекше мән берген дұрыс. Әсіресе, суық күндері бірінші кезекте балалар мен қарт кісілерді үсік шалуы мүмкін. Аяз күндері сыртта көп жүрмей, барынша сақтану керек», – деп хабарлады ведомстводан.

Бүгінде қалада аяздың беті қайтып, мамыражай тіршілік қалыптасты. Ауа температурасы түнде – 11-12, күндіз – 6 градусты көрсетіп тұр.


«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ОТАНДЫҚ ӨНІМ

ӨНДІРІС МӘДЕНИЕТІ ЖОҒАРЫ ЗАУЫТ

Елімізде Kia автомобильдерінің шағын тораптық өндірісі (CKD) іске қосылды



(Басы 1-бетте)

Allur автомобиль зауытының жаңадан іске қосылған желісі – Kia Sportage моделіне арналған. CKD – шанақтарды дәнекерлеу, бояу және құрастыру жөніндегі технологиялық жұмыстарды жүзеге асыратын шағын торапты автомобиль өндірісі. Ол үшін арнайы цехтар ашылған. Kia өндірісінің осы технологиялары Орталық Азия мен ТМД бойынша Қазақстанда ғана орналасқан.

Зауыт басшылығының айтуынша, былтыр 614,2 миллиард теңгенің өнімі өндірілді. Өткен жылы зауыт құны 21,5 миллиард теңге болатын өнім экспорттады. Кәсіпорында 2 мыңнан астам адам жұмыс істейді. Президент зауытты аралау барысында жас жұмысшылармен әңгімелесіп, оларға қолдау білдірді.

– Шын мәнінде, зауыт өте керемет екен. Таза әрі өндіріс мәдениеті өте жоғары. Біз жаңа ғана Kia Sportage көлігін көрдік. Бұл көліктің сапасы өте жоғары. Сондықтан сұраныс жоғары болады деп ойлаймыз. Біз келешекте инвесторлар шақырып бұл зауытты ұлғайтамыз. Зауыттың болашағына байланысты ешқандай мәселе жоқ деп ойлаймын. Жастарға үлкен мән беріп отырмыз. Сондықтан бәрі дұрыс болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Зауыт өкілдері биыл Kia Cerato шығаратын CKD желісін іске қосу жоспарланғанын атап өтті. Сондықтан компания техникалық бағыттағы оқу орындарымен тұрақты жұмыс жүргізуді бастаған. Осы ретте кәсіпорын басшылығы техникалық оқу орындарының студенттері мен түлектеріне арналған 250 орынды кампус үлгісіндегі жаңа заманауи жатақхана құрылысының басталғанын мәлімдеді.

Kia Corporation президенті және бас директоры Хо Сун Сон бейнебайланыс арқылы шараға қатысып, автомобиль жасау саласындағы Қазақстан–Корея ынтымақтастығының маңызын атап өтті.

– Біз Қазақстан нарығы үшін ашылып жатқан болашағы зор мүмкіндіктерге ризамыз. Қазақстан экономикасы кең ауқымда және жылдам дамып келеді. Нарықтағы бизнесіміздің әлеуеті мол екенін көріп отырғандықтан, мен осы мүмкіндікті пайдалана отырып, ел басшылығына



жеке бизнесті дамытқаны үшін алғыс айтқым келеді. Біз бұл үлкен істің бастамасы ғана деп сенеміз, – деді корпорация басшысы.

Бұл өңірде жүзеге асырылып жатқан екінші бір жоба – жүк көліктерінің бөлшектерін шығаратын зауыттың құрылысы. Кәсіпорын 2 жылдан соң іске қосылады. 360

адамға тұрақты жұмыс орын ұсынатын жобаның құны – 82,5 миллиард теңге.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».





ӘКІМ



Рая
ЕСКЕНДІР

(Басы 1-бетте)

Осынау ізгілік нұрын сепкен мейірімге толы мерекені тек біздің еліміздегі ғана емес, бүкіл дүние жүзіндегі кәрістер қауымы асыға күтеді. Еңкейген кәріден, еңбектеген балаға дейін бұл күні таң атысымен бір-біріне ізгі тілегі мен жылы сөзін айтып, кенпейілділік танытады. Көптен көріспеген жандардай бір-бірімен сағынысып, ыстық көңілмен қауышуының өзі мерекенің маңызын тереңдете түседі. Бұл күні айтулы мерекені атап өтуге ересектермен бірге бүлдіршіндер де келді.

Шығыс күнтізбесінің бірінші күніне дәл келген бұл мереке корей халқының дәстүрлі мерекелерінің бірі. Ал Алматыда бұл мереке 1989 жылдан бері атап өтіле бастады.

Алғашқы сөз кезегін алған Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев мерекеге арнайы келген қонақтар мен қала тұрғындарын ыстық ықыласпен құттықтады.

«Соль Наль – жаңарудың, тазалықтың және жақсылыққа деген үміттің символы. Ол жақсылықтың, ақиқаттың және әділеттіліктің салтанат құруын білдіреді. Мереке бәрімізді игі істерге, ізгілікке, бауырмалдылыққа шақырады. Шығыс Жаңа жылының басталуы – әр адамның өмірінде алар орны ерекше, өте маңызды оқиға. Мереке жаңару, жасарумен қатар баршамызды жақсылыққа үндеп, достық байланысты нығайтуға көмектеседі, жақсылық пен өзара сыйластыққа үйретеді», – деді шаһар басшысы.

Келесі кезекте Қазақстан корейлер қауымдастығының төрағасы Юрий Шин сөз алып, Қазақстанда барлық этностарға, соның ішінде корей мәдениеті мен әдебиетін дамыту үшін барлық жағдайлардың жасалғанын атап өтті. Осынау мерекеге арнайы келген Қазақстандағы Корей Республикасының Бас консулы Пак Неч Хо өзінің ыстық ықыласын шынайы сезіммен былайша білдірді:

– Қазақстан – тағдыр талайымен жер аударылып келген біздің ата-бабаларымыздың Отанына айналды. Қандай қиын кезең болса



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев мерекелік жиынға қатысты

да өзінің панасына алып, бір дәнді бөліп жеген қазақ халқының бауырмалдылығын ұрпақтан-ұрпаққа айтып отыру біздің міндетіміз. Қазақстанда біздің әдебиетіміз бен мәдениетіміз кеңінен дамып келеді.

Қазақстан корейлер қауымдастығы төрағасының мүшесі, биылғы жылы 100 жылдығын тойлағалы отырған «Коре ильбо» газетінің бас редакторы Константин Ким өз кезегінде қазақстандық кәрістердің бұқаралық ақпарат саласында да өзіндік орны барын мақтанышпен атап өтті.

Аталмыш мереке құрметіне арналған концертте биылғы жылы 500-ге жуық жеке орындаушылар мен шығармашылық ұжымдар өнер көрсетті. Шығыстың сазды әуені мен мың бұралған биі, айшықты бояулармен безендірілген сахналық қойылымы көрермендерге көтеріңкі көңіл мен зор қуаныш сыйлады. Еліміздің өнер шеберлері қатарында ҚР Халық әртісі Роза Рымбаева, Республикалық мемлекеттік академиялық корей музыкалық комедия театрының әртістері, Алматы корей ұлттық орталығының ұжымдары мен

арнайы кешке шақырылған әртістер өнер көрсетті. Осылайша жаңа жылдың алғашқы күнін тойлаған әрбір жанның кеудесінде жаңа арман, жаңа үміт оянды.

Мерекелік концертке дәстүрлі корейлік ханбок костюмімен келген әрбір адамға Қазақстан корейлер қауымдастығы ерекше сыйлықтар табыс етті. Сонымен қатар, Республика сарайының кең залында дәстүрлі Корей жәрменкесі өтіп, онда ұлттық кәдесыйлар, косметика және корей өнімдері сатылды.

КОНФЕРЕНЦИЯ

МЕДИА-МЕНЕДЖЕР ӘЛЕМІ: тәжірибе және ғылыми көзқарас

Биыл Қазақ телевизиясының құрылғанына – 65 жыл. Осы жылдары Ұлттық арна – қазақ зиялы қауымының рухани, мәдени ошағына айналды. Қоғамдық құндылықтардың дамуына, ұлттық сана-сезімнің қалыптасуына өлшеусіз үлес қосты.



Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Мерейлі мерейтой қарсаңында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де «Телевизиялық менеджмент: тәжірибе және ғылыми көзқарас» атты ғылыми-әдістемелік конференция өтті. Сондай-ақ, конференция аясында журналист, медиа менеджер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұржан Жалауқызының «Медиа-Менеджер» атты кітабының таныстырылымы өтті.

«Қара шаңырақта телевизия үшін төр тәккен журналистер мыңдаған жас өренді тәрбиелеп, отандық телевизия мектебін күшейтуге бір кісідей атсалысты. Мыңдаған маман түлеп ұшты. Оның ішінде бірнеше телеарнада басшылық етіп, өзінің өмірін журналистикаға сарп еткен Нұржан Жалауқызының «Медиа-Менеджер» атты кітабының тұсауын кестік. Осы уақытқа дейін ол кісі жастарға қолдау білдіріп, тәжірибелі маман болып қалыптасуына еселі еңбек етті. Өзі басқарған телеарналардың республикалық, әлемдік деңгейде бой көрсетуіне септігін тигізді. Жарыққа шығып отырған кітап жас журналистерге бағыт-бағдар, тәжірибе мен үміт сыйлайды деп үміттенемін. Өзі оқып, білім алған жерінде «Медиа-Менеджер» атты кітабының таныстырылымын өткізіп отырған Нұржан Жалауқызына өз алғысымды білдіремін. «Алдыңғы буын – ағалар, кейінгі буын – інілер» демекші, аға ұрпақ пен жас ұрпақтың арасындағы мәдени сабақтастық мәңгілік жалғаса берсін деген ниеттемін», – дейді



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жан-сейіт Түймебаев.

Нұржан Жалауқызы басшылық жасағалы бері «Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы жаңалықтар қызметі мен бағдарламалары толық мемлекеттік тілге көшті. Ұлттық арнаның аясынан «Balapan», «Jibek Joly», «Abai TV» сияқты арналар бөлініп шығып, ақпарат кеңістігінен орын алды. Сондай-ақ, «Qazsport» арнасының тұсауы кесіліп, көрермендердің қуанышы еселенген еді.

«Мен үшін бүгін толқитын, ерекше, тарихи күн. Мен еңбек жолымды 1982 жылы Журналистика факультетін аяқтағаннан кейін бастаған болатынымын. Араға 40 жыл салып құрметті еңбек демалысына шығып, өзім оқыған киелі оқу орнымда кітаптың тұсаукесерін өткізу бақыты бұйырды. Бұл кітапта соңғы 20 жылдан астам уақытта медиаменеджерлік қызметімде түрлі БАҚ құралдарына берген сұхбаттарым топтастырылған. Сол сұхбаттар арқылы еліміздегі отандық телерадиожурналистиканың даму

тенденциясын көрсетуді мақсат еттім. Арамызда магистранттар мен докторанттар отыр екен, диплом, ғылыми жұмыстарын жазар кезде оқитын еңбектеріңіз бола алады деп сенемін. Себебі, әрбір сұхбат өзім еңбек еткен мекемелерде басты жүзеге асырылған жұмыстарға арналды. Мәселен, мен басқарған мекемелерде қазақтілді журналистерге арналған тұңғыш семинарларды өткізуді бастама етіп көтеріп, жүзеге асырған болатынымыз. Талай сол семинарлардан көптеген талантты, білімді журналистер қалыптасты. 2011 жылы біз әріптестерімізбен бірге «Қазақстан» арнасын түгел дерлік қазақтілді арнаға айналдырдық. Арнаның бүгінгі күнге дейін көшбасшы болып қалыптасуына еселі еңбек атқардық. Алдағы уақытта әлем назарын өзін аударып, әлемдік арналардың біріне айналады деген сенімдеміз», – дейді қазақстандық журналист, медиаменеджер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұржан Жалауқызы.

Қазақ телевизиясында осы саланың

кәсібіне берілген шынайы мамандар аз емес. Осы ретте қазақ телевизиясының алғашқы хабарын таратуға қатысқан жандардың еңбегі ерен. Біздің бүгінгі осы саладағы жеткен жетістігіміз, алған асуымыз алдыңғы толқындағы зерделі, ойшыл, тереңнен маржан іздеген кәсіби мамандардың еңбегінің жемісі. Солардың сіңірген еңбегі десек, артық айтпағанымыз болар.

«Бір айдан кейін «Қазақ телевизиясына» 65 жыл толады. Ең алғашқы жылдары ол жерде мен де еңбек еттім. 1958 жылдары 8 наурызда алғашқы бағдарламасын ашқан едік. Республика көлемінде 1975 жылға дейін 15-ке жуық телестудия ашылды. Қазір санап көрсем 50-ге жуық телестудия бар екен. Бүгінде отандық арналар жыл сайын даму үстінде. Өздерінің ерекше бағыттары, бағдарламалары, жалынды жаңалықтары да баршылық. Журналистеріміз де өздерінің тәжірибесін көрсетіп, елдің ыстық ықыласына бөленуде. Осынау мерейлі датаға орай қарындасым Нұржан Жалауқызы өзінің кітабының тұсаукесерін ұйымдастырып отыр. Талай жыл осы салада еңбегінді сарп етіп, жас журналистерге дем берді. Отандық арналарымыздың өркендеп, қанат жаюына көп көмек көрсетті. Сондай-ақ, көрермендердің алғысын арқаладың. Артыңнан еріп келе жатқан жаңа толқын сенің жолыңды қуалап, отандық теледидарға еңбек етеді деген сенімдемін. Өзіңді елдің асыл азаматы, белгілі журналист, белгілі адам деп санаймын. Ал енді мына алдыңғы буын ағалар болып журналистерге ерекше, дем беріп, тәжірибесін арттырамыз деген ойдамын», – дейді тарих ғылымының докторы, Қазақстан Журналистика академиясының президенті Сағымбай Қозыбаев.

Отандық телевизияның алғашқы қарлығашы ретінде «Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы 1958 жылы ірге көтерген. Телеарна алғашында 5 сағаттық хабар тарата бастаған. Техникалық әлеуеті жыл сайын ұлғайған телеарна 1987 жылы телетаратылым бойынша одақтас республикалар арасында төртінші, көркем және деректі фильмдер өндірісі бойынша екінші орынды иеленді. Бүгінгі таңда корпорация – еліміздегі ең ірі медиа құрылым. Телеарнаның техникалық әлеуеті Республика аумағының 100 пайызына жуық, көршілес Ресей Федерациясы, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Моңғолия және Шыңжаң Ұйғыр автономиялы ауданы өңірлеріне хабар таратуға мүмкіндік беріп отыр. Сондай-ақ, заманауи телетаратылымның барлық талаптарына сай.



НАРЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Халықаралық талаптарға сәйкес, мемлекеттің әр тұрғынына кем дегенде 30 шаршы метрден тиюі керек. Алайда, жер көлемі жағынан Қазақстан алғашқы ондықта болса да, бұл көрсеткіш 23 шаршы метрден аспай тұр. Алақандай жер мен бір бөлмеге жете алмай жүрген отандастарымыздың саны әлі де көп.

Азаматтарымыздың баспаналы бола алмауының негізгі себебі, әрине, үй құнының қымбаттығы және табыстың аздығы. Сондай-ақ, соңғы жылдардағы құрылыс материалдарының қымбаттауы салдарынан еліміз бойынша салынып жатқан үйлердің саны да азайған. Айталық, былтыр барлығы 18 млн шаршы метр үй салынуы керек болған, бірақ небәрі 15, 1 млн шаршы метр баспана салынды.

Өткен жылдың желтоқсан айының қорытындысы бойынша, Қазақстанда бастапқы тұрғын үй бір жылда 15,6%-ға қымбаттады. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, өткен жылы кейбір аймақтардағы жаңа ғимараттардағы пәтерлердің бағасы шамамен үштен бір пайызға өсті. 2022 жылғы 1 сәуірден бастап зейнетақы жинақтарының жеткіліктілік шегі орта есеппен 70%-ға өскендіктен халықтың көп бөлігіне баспана қолжетімсіз болып қалды. Сарапшылардың пайымдауынша, зейнетақы жинақтарының жеткілікті шегін халық негізінен 2021 жылы пайдаланды. Осы уақытқа дейін зейнетақы қорынан пайдаланылған қаржының сомасы 2,7 трлн теңгеден асты. Қаржының басым бөлігі тұрғын үй сатып алуға, «Отбасы банкіндегі» депозитке аударуға, ипотеканы өтеуге қолданылған. Биыл зейнетақы қорындағы шектік сомадан асатын ақшаны 600 мыңға жуық қазақстандық пайдалана алады деп болжанып отыр.

Зейнетақы шектерінің өсуі тұрғын үйді сатып алу, сату келісімшарттарының санына әсер етті. Егер 2021 жылы ай сайын 50 мың, 60 мың және тіпті 90 мың мәміле жасалса, сәуір айынан бастап орта есеппен 33 мыңға дейін төмендеді. Өткен жылдың 11 айында 432 мың мәміле ресімделді, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 18,3%-ға аз, бір жылдағы мәмілелер саны 470 мыңнан аспады, 2021 жылы 606 мыңнан астам операция ресімделген болатын.

Қазақстандықтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында мемлекет тарапынан біршама жұмыстар атқарылып жатқаны рас. Азаматтар баспанаға қол жеткізу үшін біраз жылдан бері арнайы бағдарламалар жұмыс істеп келеді.

Мемлекеттік бағдарламаларға өзгерістер енгізілді

Тұрғын үй нарығындағы соңғы жаңалықтарға ден қойсақ, өткен жылдың қыркүйек айында Қазақстанда тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2026 жылға дейінгі Тұжырымдамасы бекітілді. Осы орайда, мемлекеттік бағдарламаларға біршама өзгерістер енгізілді.

Енді ең төменгі 2%-дық мөлшерлемелік ипотека «Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша тұрғын үйге мұқтаж адамдарға ғана беріледі.

Бұл:

- көпбалалы отбасылар;
- I және II топтағы мүгедектігі бар адамдар;
- мүгедек балалары бар отбасылар;
- жетім балалар.

Биылдан бастап толық емес отбасы категориясы бұл бағдарламадан алынып тасталды.

Қалған кезекте тұрғындар үшін жылдық 5% несиенен «Шаңырақ» бағдарламасы қолжетімді. Енді екі бағдарлама бойынша әкімдіктер салған әлеуметтік тұрғын үйді ғана сатып алуға болады. Кезекте тұрғындарға жалға берілетін тұрғын үйді сатып алуға рұқсат беру идеясы бар, ол қазір ұзар-тумен 5 жылға беріледі. Бірақ бұл ретте «Бақытты отбасы» мүлдем жабылуы мүмкін. Қазір тұрғын үй қатынастары туралы заң жобасы қарастырылуда. Мамандардың пікірінше, тұрғын үйге мұқтаж адамдар алдағы уақытта қазіргідей саясаттар бойынша емес, кірістер мен шығыстар бойынша анықталатын болады. Ол үшін ҚР-да «отбасының цифрлық картасы» жобасы жасалып жатыр.

БАСПАНА

Еліміздегі ең өзекті мәселелердің бірі – тұрғын үй бағасының тұрақсыздығы мен үй қорының жетіспеушілігі



Өткен жылы еліміз бойынша жастарға арналған өңірлік ипотека іске қосылды. Алматы мен Астананың үлгісі бойынша биыл тағы тоғыз өңірде 35 жасқа дейінгі жастарға арналған ипотекалық бағдарламалар жұмыс істей бастады. Негізгі шарттар – тұрғын үйдің болмауы және мемлекеттік қызметте жұмыс істеу немесе бюджет қызметкері болу. Қатысушылар мұғалімдер, дәрігерлер, журналистер, мәдениет, спорт, әлеуметтік сала қызметкерлері, коммуналдық кәсіпорындар, полиция департаменті, ТЖД қызметкерлері бола алады. Ақшаны облыстардың, қалалардың әкімдіктері және «Отбасы банкі» бөледі. Өтінімдерді қабылдау белгілі бір уақытта өтеді, сондықтан үнемді бағдарлама туралы ақпараттарды бақылап отырған жөн.

Заңгер Венетта Иманқұлованың айтуынша, кез келген мемлекеттік бағдарламамен пәтер алу үшін сатып алушының аз да болса қоры болғаны жақсы. Өйткені, мемлекеттік бағдарламаның шарты бойынша үй құнына бөлінген қаржы жеткіліксіз. Айталық, «Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша пәтер алуға ниетті алматылық отбасы үшін 15 миллион теңгеге үй алу мүмкін емес. Сондықтан үстіне өз тарапынан ақша қосуға мәжбүр. Бірақ бағдарламаның шарттарына сәйкес келетін категориядағы адамдар үшін пайыздық мөлшерлемесі төмен үйді алу тиімді. Мемлекеттік бағдарлама бойынша өтініш бергеннен бастап үйге қаржы жинауды бастап кеткен абзал.

«7-20-25» тұрғын үй бағдарламасы

Өткен жылдың соңында Президенттің Жарлығымен ҚР-дағы ең кең таралған «7-20-25» тұрғын үй бағдарламасы тағы 7 жылға ұзартылды. Енді бұл бағдарлама 2029 жылға дейін жұмыс істейді. Бағдарлама 2018 жылы іске қосылған болатын. 2022 жылдың желтоқсан айының соңында барлығы 852,2 млрд теңгеге 64 146 жеңілдетілген қарыз берілді.

Биылғы жылдан бастап несиеге жыл сайын 100 млрд

теңгеден қаражат бөлу жоспарлануда. Бағдарламаның шарттары бойынша несиені 25 жылға жылдық 7% бен 20% бастапқы жарнамен алуға болады. Бұл жағдайда сіз пәтерді тек құрылыс компаниясынан, жаңадан пайдалануға берілген тұрғын үй кешенінен сатып ала аласыз. Тұрғын үй құны бойынша лимит бар: Астана, Алматы, Ақтау, Атырау, Шымкент үшін 25 млн теңге, Қарағанды, Түркістан үшін 20 млн теңге және басқа өңірлер үшін 15 млн теңге. Сатып алушының меншігінде басқа тұрғын үй болмауы керек.

Алматыда дайын тұрғын үй кешендерінен 25 млн теңгеге пәтер табу өте қиын. Көптеген құрылыс компаниялары бағдарлама бойынша өздерінен пәтер сатып алу мүмкіндігі бар екенін көрсетіп, әлі пайдалануға берілмеген немесе құны 25 млн теңгеден асатын тұрғын үй кешендерін жарнамалайды. Құрылыс компанияларына хабарласып, ең төменгі үй бағасын сұрастырсақ, қаланың шеткері аудандарында бастапқы тұрғын үйдің ең төменгі бағасы 28 миллионнан басталады. Қала маңында 26 миллион, бұл, әдетте, қоттеджік ауылдардағы пәтерлер. Қолайлы нысандардың жоқтығына қарамастан, бағдарлама бойынша пәтерлер сатылып жатыр. Үйлер алдын ала брондау арқылы таңдалады.

Сатып алушы салынып жатқан тұрғын үй кешеніндегі пәтерге қалай тапсырыс береді, сатушы үй пайдалануға берілгеннен кейін несие беруді қалай ұсынады?

Сатып алушы үйдің жалпы құнының 10%-ын алдын ала төлейді, осылайша тұрғын үй пайдалануға берілгеннен кейін белгілі бір пәтерді сатып алу құқығын алады. Содан кейін ғана «7-20-25» бағдарламасы бойынша кредит рәсімдейді. Егер мақұлданса, құрылыс салушы брондау үшін төленген ақшаны қайтарады, ал сатып алушы бастапқы жарнаны 20% төлейді. Банк қалған соманы төлейді, пәтер сатып алынады және кепіл шарты несие толық өтелгенге дейін рәсімделеді. Алайда, мұндай мәміле жасауда тәуекелдердің болатыны рас.

Біріншіден, алдын ала шарт тұрғын үй кешені пайдалануға берілгеннен кейін тұрғын үй алуға кепілдік бермейді. Яғни құрылыс салушы оны сату туралы шешімін өзгерте алады, ал сатып алушы міндеттемелерді орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын ғана төлейді (оның мөлшері шартта көрсетілген).

Екіншіден, құрылыс компаниясы нысанды пайдалануға берген кезде сатып алу шарттарын, соның ішінде құнын өсуін өзгерте алады. Егер пәтер сатып алынбаса, бронь үшін төленген сома құрылыс салушыда қалады.

«7-20-25» бағдарламасы банктік қарыз шартына қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді. Бағдарламаның шарттары бойынша пайдалануға берілген бастапқы тұрғын үй кредитке беріледі. Үлестік құрылыс объектісіне кредит беруге тыйым салынады», — деп түсіндірді мамандар.

Бүгінде бағдарламаның шарттарына толық сәйкес келетін пәтер табу оңай емес. Мегаполисте құны 25 млн теңгеге дейін бағаға тек құрылысы енді жоспарланып отырған үйлерді ғана алуға мүмкіндік бар. Сондықтан сарапшылар бірнеше рет бағдарламаның шарттарын қайта қарауды ұсынған болатын. Мамандар бағдарлама бойынша несиеленетін үйлерге бөлінетін қаржының максималды құнын арттыру немесе қайталама нарықта үй сатып алуға рұқсат беру туралы ұсыныстар айтқан. Әзірге бағдарлама еш өзгеріссіз ұзартылды.

Сарапшылардың болжамынша, 2023 жылы жылжымайтын мүліктің бағасы төмендемейді. Бұған шаршы метр құнына импорттық құрылыс материалдарының қымбаттауы және халық тарапынан сұраныс ықпал етеді.





ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ

БАЛАЛАР АМАН БОЛҒАЙ...

Эпилепсияның аса күрделі түрімен ауыратын жеткіншектерге сәтті операциялар жасалды



Алматы-
да алғаш
рет №2
қалалық
клиника-
лық
балалар
ауруха-
насында
эпилеп-
сияның
аса
күрделі
түрімен
ауыра-
тын
жеткін-
шектерге
сәтті опера-
циялар
жасалды.

Жуырда №2 қалалық клиникалық балалар ауруханасында әлемге әйгілі нейрохирург, германиялық профессор Ульрих Тома-ленің қатысуымен балалар нейрохирургиясы бойынша «Дәріге төзімді эпилепсиямен ауыратын балалардағы аз инвазивті функционалды гемисферотомия» атты бірегей шеберлік сабағы өтті. Бұл туралы бізге осы аурухананың баспасөз қызметі хабарлады.

Шеберлік сабағы аясында неміс маманы қазақстандық жетекші нейрохирургтармен бірлесіп эпилепсияның күрделі түріне бес ота жасады.

Фармакорезистентті эпилепсия кезінде дұрыс таңдалған эпилепсияға қарсы препараттар тиімсіз және эпилепсиялық ұстамаларды бақылауды қамтамасыз ете алмайды. Әлемдік статистикаға сәйкес, эпилепсияны дәрі-дәрмекпен емдеу науқастардың 70–80%-ында тиімді. Қалған 20–30%-ында пациенттерде эпилепсияның фармакорезистентті түрі кездеседі. Егер басқа емдеу түрлері шабуылдарды бақылауға көмектеспесе, хирургиялық емдеу тағайындалады. Кейінгі жылдары эпилепсия хирургиясы бойынша жаңа технологиялар енгізілуде. Олар бұрын мұндай емделу мүмкін болмаған науқастарға сауығып кетуіне мүмкіндік береді.

«Біздің бес кішкентай баламызға ота жасалды. Берлиннің «Шарите» клиникасынан келген қонағмыз, профессор Тамаленің жетекшілігімен мастер-класс барысында ұстамасы жиі болатын эпилепсиямен ауыратын балалардың миының тереңдігінде ауыр, күрделі операциялар жүргізілді. Барлық операция сәтті өтті, балалар қазір нейрохирургия бөлімшесінде. Мастер-класс өте жемісті өтті. Бұдан былай мұндай балаларға өз бетімізше операция жасаймыз деп ойлаймын. Әрине, осындай күрделі операцияларды жүргізу біздің клиникада қалалық әкімдік қамтамасыз еткен заманауи жабдықтар арқасында қолжетімді болды. Сол үшін біз өте ризамыз және болашақта да осындай қолдау болады деп үміттенеміз», – деп атап өтті журналистерге берген сұхбатында №2 қалалық клиникалық балалар ауруханасының бас дәрігері, белгілі қазақстандық нейрохирург Марат Рабандияров.

Профессор Ульрих-Вильгельм Тамале – балалар эпилепсиясының хирургиялық емдеу саласындағы әлемдік аты бар маман. Ол кез келген жастағы балаларға жылына шамамен 1000 операция жасайды. Балалардағы орталық және перифериялық жүйке жүйесінің әртүрлі бөлімдерінде барлығы 7 мыңнан астам күрделі операцияларды сәтті орындады. Тамале 8 жылдан астам уақыт бойы «Шарите» университеттік клиникасының педиатриялық нейрохирургиялық қыз-

метін басқарып келеді.

Профессор атап өткендей, микрохирургиялық аз инвазивті әдістермені қолдану бойынша осы хирургиялық араласулар кезінде компьютерлік ассистенция міндетті түрде қолданылады.

«Берлинде біз өзіміз бұл әдісті «3D-шындық» нейронавигациялық жүйесі арқылы енгізуді жақында ғана бастадық. Бұл заманауи технология осы қазақстандық клиникада пайда болғандықтан, біз осы әдісті Қазақстанда бірге енгізуді ұйғардық. Айта кету керек, балалар ауруханасының (№2ҚКБА) операциялық бөлмесі жоғары деңгейлі, заманауи медициналық техникамен жабдықталған. Әрі қарай үнемі дамып, техниканы да, жаңа әдістерді де жетілдіру өте маңызды», – деп атап өтті неміс дәрігері.

№2 балалар ауруханасында МРТ-да ұстама тудырған белгілі бір өзгерістері бар науқастарға екі операция жасалды. Бұл түзілімдер құрысуларды тоқтату мақсатында жойылды. Ал қалғандары неғұрлым күрделі операциялар, эпилепсия мидың жартысының зақымдалған бөлігінен туындаған, мидың қалыпты, сау аймағының тыныш дамуына жол бермейтін және эпилепсияны тудыратын, сонымен қатар сау жарты шардың дамуын төмендететін «толқын дауылы» деп аталатын ақауы бар науқастарға жасалды. Бұл операция кезінде бір жарты шар арнайы аймақтарға кесіледі, бұл «импульстік дауылды» тоқтатады және сау жарты шардың одан әрі дамуына мүмкіндік береді.

Осы жобаны ұйымдастырушы «Мейірім» еріктілер қоғамы» қоғамдық қорының өкілі Светлана Селюнина атап өткендей, шеберлік сабақтар өткізілгеннен кейін атқарылған жұмыстардың нәтижелері көңілге жайлылық, тыныштық сыйлайды. Ал ата-аналардың қуанышты жүздерін көргенде бұл сезімдер арта түседі. Өкінішке орай, диагноздардың барлығы 100 пайыз қалпына келтірілмейтінін түсінеміз, дегенмен өмір сүру сапасын жақсарту да нәтиже болып табылады. Бұл балалардың ата-анасының шетелге емделуге мұқтаж болмауы өте маңызды, себебі науқас баланы шет елге апару шынымен қиын. Біз болашақта осы ауыр дертпен күресуде көптеген балаларға көмектесе аламыз деп үміттенеміз.

№2 балалар клиникалық ауруханасының тәжірибесіне енгізілген эпилепсияға қарсы операциялар шетелдік клиникаларда өте қымбат. Біздің елде пациенттерді іріктеуден кейін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында олар тегін жасалады. Естеріңізге сала кетейік, Қазақстанда 18 жасқа дейінгі балалар МӘМС жүйесінде мемлекет тарапынан сақтандырылған.

МАМАН КЕҢЕСІ



Тұмау да ағзаны зақымдайды

Сәбидің тұмаумен ауырып тұрғанын қалай білуге болады? Не істеу керек, қайда көмекке жүгіну қажет? Бұл туралы №36 қалалық емхананың педиатрия бөлімшесінің меңгерушісі Динара Кайыпова айтты.

– Тұмаудың бастапқы белгілерін көбінесе басқа респираторлық аурулармен шатастырып жатады. Симптом, басталу белгісі аурудың деңгейіне, сәбидің жасына және иммунитетінің қандай болуына байланысты. Тұмаудың инкубациялық кезеңі бірнеше сағаттан 3 тәулікке дейін барады. Тұмаудың алғашқы симптомдары – температура лезде көтеріледі, бала қалтырап тоңа бастайды, тамақ ішуден бас тартады. Сонымен қатар, психикалық жай-күйі тез өзгере бастайды. Мәселен, баланы көңілсіздік басып, тез ашуланғыш болып алады, күйзеліске түседі, – дейді дәрігер.

Динара Кайыпованың айтуынша, дәл осы белгілер тұмауды басқа ЖРВИ-лерден ерекшелейді. Тұмауда алдымен тамақ ауырады, іседі, мұрын бітіп, одан су ағады. Содан соң ғана дене температурасы 38–38,5°C-ға дейін көтеріледі.

«Тұмау қатты интоксикация тудырады, ал бұл кішкентай пациенттерде өте ауыр өтеді. Бұл вирус және сәби ағзасындағы бұзылған жасуша фрагменттерінің қанмен циркуляцияда жүруіне байланысты», – дейді маман.

Тұмаудың ауыр түрінде дене температу-

расы 40°C-ға дейін көтеріледі. Мұндай сәтті сәбидің көз алдына бірдеңелер елестеп, сандырақтауы мүмкін. Тіпті, аурудың жеңіл және орташа ауыр түрде өткенінің өзінде, қызуды төмендету дәрісін ішкенде де 3-4 күндей қалтырайды. Содан соң температура түседі. Алайда, жөтел, мұрынның бітуі 7–10 күнге дейін сақталуы мүмкін.

Динара Кайыпова атап өткендей, тұмау вирусы тыныс алу жолдарының эпителийіне зиянын тигізіп, иммунитетті әлсіздендіреді. Шамамен 90% асқынулар өкпенің қабынуымен байланысты көрінеді.

Баланың тұмаумен ауырып тұрғанына күмәндансаңыз, дереу дәрігерге апарған жөн. Әйтпесе, уақыт созып алсаңыз, асқындырып аласыз. Асқыну кезінде вирустық улардың жүйке және жүрек-қантамыр жүйелеріне шабуылынан бас мидың ісігі, өкпе ісігі, тамыр ішінде таралған қанның ұюы синдромы, тінаралық пневмония (өкпенің дәнекер тінінің қабынуы), энцефалит, Рея синдромы (бас миының зақымдануымен жіті бауыр жеткіліксіздігі), сондай-ақ, Уотерхауз-Фридериксен синдромы (бүйрек безінің жеткіліксіздігі) тууы мүмкін.

Сондықтан баланы көңілсіздік басқаннан дабыл қаққан жөн.

САН МЕН ДЕРЕК

ОТАНДЫҚ МЕДИЦИНА ОЗЫП ТҰР

2023 жылы медициналық қызметтерді қаржыландыруды 2 трлн 488 млрд теңгеге дейін ұлғайту жоспарлануда

Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру шеңберінде медициналық-санитариялық алғашқы көмектің қолжетімділігін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспары қабылданып, жүзеге асырылды, деп хабарлайды ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің баспасөз қызметі.

Көмек көрсету ережесінің және амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсету қағидалары бекітілді; медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету стандарттарының жобасы дайындалды; жалпы практикалық дәрігерлердің жүктемелері төмендеді; ауыл тұрғындарының скринингтік тексеруден өту тәсілдері қайта қарастырылды.

Өткен жылы еліміз бойынша қосымша 9 қалалық емхана мен амбулатория пайдалануға берілді.

Биыл медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты жаңарады. Ведомствонның жоспарында пациенттерді қолдау қызметі арқылы жалпы практика дәрігерінің рөлін арттыру, ақпараттандырылған қоғамдық мониторинг және халықпен кері байланыс тетігін енгізу, отбасын жоспарлау, ерлер денсаулығын жақсарту, баланың даму кабинеттерін жаңарту бар.

107 алғашқы медициналық-санитарлық көмек нысаны пайдалануға берілді; жылжымалы медициналық емханалар кеңінен пайдаланылды; «Жәрдем» және «Саламатты Қазақстан» медициналық пойызы қайта іске қосылды (147 станция, 77 мыңнан астам тұрғын, 20,5 мың бала қамтылды); қосымша 72 дәріхана және 161 жеке дәріхана ашылды. Отандық медицинаның бірқатар бағы-

ты халықаралық деңгейде бәсекеге түсе алатын жағдайға жетті. Мысалыға, 2022 жылдың 11 айында 209 орган трансплантациясы (162 бүйрек, 40 бауыр, 4 жүрек, 3 өкпе) жүзеге асырылды, бұл 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 22%-ға артқанын көрсетеді.

Медицина қызметкерлерінің табысын арттыру мақсатында 2022 жылы дәрігерлердің орташа жалақысы 30%-ға ұлғайтылды (416 мың теңге), орта медицина қызметкерлерінің орташа жалақысы 20%-ға ұлғайтылды (208 мың теңге), биыл қаржылық қолдау жалғасатын болады.

Министрлік дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді жетілдіру және отандық фармацевтикалық өндірісті дамыту бойынша қарқынды жұмыс жүргізуде. 2022 жылы жалпы сомасы 20 млрд теңгеден астам 177 бірлік медициналық техника сатып алынып, өңірлерге бөлінді.

Фармацевтикалық нарықтағы отандық өндірістің үлесін 50%-ға дейін ұлғайту үшін сайлауалды платформаны орындау шеңберінде 2025 жылға қарай «Big Pharma»-мен жұмыс жалғастырылатын болады.

2023 жылы медициналық қызметтерді қаржыландыруды 11%-ға немесе 2 трлн 488 млрд теңгеге дейін ұлғайту жоспарлануда.



ШАХМАТ

Дәрмен СӘДУАҚАСОВ,
Қазақстан шахмат федерациясы РҚБ вице-президенті:

АЛМАТЫНЫҢ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІН АШТЫҚ

Қазақстан шахмат федерациясы елімізде
балалар шахматын дамытуға жоғары баға берді

ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ҮЗДІК КОМАНДА



Қазақстан шахмат федерациясының вице-президенті Дәрмен Сәдуақасов Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифинг барысында Алматы қаласында өткен шахматтан әлем чемпионатының қорытындысына жоғары баға берді және Федерацияның 2023 жылға арналған жоспарлары жайлы әңгімеледі.

– Қазақстанда балалар арасында шахмат ойыны жоғары деңгейде дамып келеді. Біз олардың жетістіктеріне өте қуаныштымыз. Балалар мен жасөспірімдер құрамасы әлемдегі ең үздік командалардың бірі. Қазір жаңа буын өсіп келеді. Әлем және Азия чемпионаттарында 40-тан астам бала медаль жеңіп алды. Қазақстанда балалар арасында ірі

шара өткізу дамуға жаңа серпін береді, – деді Дәрмен Сәдуақасов.

Әлемдік дода аясында өткізілген төрешілер семинарына қатысушылар өз біліктіліктерін арттырды, «Әйелдердің шахматтағы рөлі» тақырыбында әйелдер семинары, балалар блиц-турнирі, сондай-ақ барлық шахмат әуесқойлары үшін блиц-турнир ұйымдастырылды.

Қазіргі кезде Қазақстан Нидерланд елімен Дүниежүзілік балалар шахмат олимпиадасын өткізу құқығы үшін таласып жатқанын айтқан спикер еліміз бүгінде ФИДЕ-нің екі өтініміне ресми түрде қатысатынын айтты. Оның бірі – классикалық шахматтан әлем чемпионы атағы үшін финалдық матч өткізу және екіншісі Дүниежүзілік балалар шахмат олимпиадасын өткізу құқықтары.

«Барлық міндеттер орындалды. Чемпионатты ұйымдастыру және өткізу қамтамасыз етілді. Шахматшыларымыздың нәтижелері қуантарлық. Сонымен қатар, еліміздің, Алматы қаласының, ең алдымен туристік әлеуетін аштық. Әлем бойынша Қазақстан өмір сүруге, қонаққа келуге болатын тамаша орын болып табылады. Біз барынша қонақжайлылық таныттық», – деді Қазақстан шахмат федерациясының вице-президенті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

АҚОРДА

ШАХМАТТЫ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Елімізде 7 сәуір мен 1 мамыр аралығында әлем чемпионы атағы үшін шахмат жарысы өтеді.

Мемлекет басшысы Қазақстан шахмат федерациясының президенті Тимур Турловты қабылдады. Кездесу барысында елімізде шахматты дамыту мәселелері талқыланды.

Тимур Турлов федерацияның алдағы кезеңге арналған жоспары туралы айтты. Атап айтқанда, федерация еліміздегі шахмат секцияларының санын 2 есе, яғни 7 мыңнан 14 мыңға дейін ұлғайтуды, шахматты одан әрі дәріптеу жұмыстарын жалғастыруды, осылайша зияткерлік ұлт қалыптастыруға

үлес қосу жөніндегі Президент тапсырмаларын орындауды көздейді. Сондай-ақ, федерация Қазақстан құрамасы көшбасшыларының әлеуетін танытуды, жаңа чемпиондарды тәрбиелеп шығаруды мақсат етіп отыр.

Мемлекет басшысына әлем чемпионы атағы үшін биыл 7 сәуір мен 1 мамыр аралығында Астанада өтетін шахмат жарысына даярлық барысы туралы баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаев отандық шахмат шеберлерінің халықаралық аренадағы жетістіктеріне жоғары баға берді. Оның айтуынша, елімізде әлемнің үздік шахматшыларының қатысуымен ірі жарыстар ұйымдастыру балалар мен жастар арасында осы спорт түрінің танымалдылығын арттыруға ықпал етеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Бибисара АСАУБАЕВА,
Екі дүркін әлем чемпионы:

БҮЛ – ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК!

Мен Әлем чемпионатына мұқият дайындалдым. Бұл – үлкен жауапкершілік болды, өйткені атақты жеңіп алғаннан гөрі сақтап қалу қиын. Мен үздік екенімді дәлелдеуім керек болды. Биыл әйелдер арасында өтетін маңызды турнирлер көп, соның ішінде Үндістан мен Польшада өтетін екі Гран-При сериясы, нокаут жүйесі бойынша өтетін Әлем кубогы, жыл сайын өткізілетін жылдам шахмат пен блицтен Әлем чемпионаты және әйелдер арасындағы командалық Әлем чемпионаты бар.

УНИВЕРСИАДА-2023

БӘСІ ЖОҒАРЫ ДОДА



Әр дүбірлі дода қызық пен қызу жарысқа толы болады. Әрбір спортшы жанын салып, бар біліктілігін көрсетеді. Сөйтіп, арасынан ең үздіктер дараланады. Кіл мықтыларды жаһан танып, беймәлімдердің бағы жанады. Бұл – спорт әлемінің жазылмаған заңдылығы.

Америка Құрама Штаттарының Лэйк-Плэсид қаласында өткен 2023 жылғы қысқы Универсиадада қазақстандық спортшылар 11 медаль жеңіп алды, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

Қазақстандық спортшылар үш алтын, төрт күміс, төрт қола медаль еншіледі. Нәтижесінде медальдар кестесінде он бірінші орынға тұрақтады. Осылайша жерлестеріміз тәп-тәуір өнер көрсетті. Дүйім ел көз тіккен жарыста айбынымыз бен абыройымыз бір көтеріліп қалды. Медальдар кестесінде 48 медальмен (21-17-10) Жапония көш бастаса, одан кейінгі Оңтүстік Кореяның 29 (12-8-9) және Канаданың 13 (6-1-6) медаль бар. Ел құрамасынан қоржынға тағы бір алтын жүлдені Бекентай Тұрлыбеков салды. Сайыстың түйінделер сәтінде көпшілікті қуантты. Қазақ спортшысының бұл ерлігі жанкүйерлерін тәнті қылды. Сондай-ақ, биатлоншылар Вадим Куралес, шаңғымен тұғырдан секіруші Данил Васильев чемпиондық тұғырға көтерілді.

Екінші орын биатлоншы Александр Мухин, шаңғымен тұғырдан секіруші Данил Васильев пен Сергей Ткаченко (командалық жарыс), шорт-тректен аралас эстафета (Яна Хан, Мәлика Ермек, Алина Әжіғалиева, Әлішер Абулкатимов, Әділ Ғалиахметов және Еркебұлан Шамұқанов) және шорт-тректен ерлер құрамасына (Санжар Жанысов, Антон Хван, Әлішер

Абулкатимов, Әділ Ғалиахметов, Еркебұлан Шамұқанов және Валерий Клименко) бұйырды. Ал қола жүлдеге биатлоншы Александр Мухин, шаңғышы Ксения Шалыгина, шаңғымен жарысудан әйелдер құрамасы (Айша Рақышева, Надежда Степашкина және Ксения Шалыгина) және хоккейден ерлер құрамасы көл жеткізді.

Енді 2025 жылғы қысқы Универсиада Италияның Турин қаласында өтеді. Бұйырса, болашақтағы додада отандық спортшылар атой салады деп ойлаймыз. Ол үшін осы жолғы сайыстарға саралау жүргізу керек. Қай тұстан кендеміз, ақсап жатқан тарапты түзеп, кеткен кемшілікті ескерген жөн. Әйтпесе, алдағы уақытта дүниенің мықтылары одан сайын шыңдала түседі. Соның бәрін ескеру қажет. Қай заманнан АҚШ, Канада, Францияның қысқы ойындардан шеберліктері асып тұр. Олар өздерінің қателіктерінен сабақ алады. Соған сай дайындық пен кимыл-әрекетін тоқтатпақ емес. Осының бәрін ескерген жөн.

P.S. Универсиада да жағымды жаңалық көп болды. Нәтиже де қуантарлық. Көпшілік жаңа есімдерді таныды. Қысқы спорт саңлақтарын танып-біліп қалдық. Алайда, босансуға еш негіз жоқ. Қазақ спортшылары Универсиада да тек алтын, күміс, қоланы алып, ел қоржынын кампита бергей. Келер Қысқы Олимпиада жеңісті сәттерге толы болсын!

ШАҢҒЫ

Қазақ спортшылары талай биікті бағындырды. Жарыс жолында мықтыларды мойындатты. Ең соңғы минуттарға дейін сайысты ешкімге дес бермеуге тырысты. Соның арқасында қорытынды шақта да жүлде қоры молайып жатты.

ХОККЕЙ

СПОРТШЫЛАРЫМЫЗ ЕРЛЕДІ

Қысқы Универсиада біраз әбігерге салды. Әсіресе, Мұз айдыны шебері болуға тырысқан құрамалар көп болды. Қатарынан сен тұр, мен атайын дейтін командалар бір-біріне дес бере қоймады. Бірақ жарыстың аты жарыс. Солардың ішінен дарабоздар анықталды.

Қазақстан хоккейшілері бар күш-жігерін салды. АҚШ, Канада сынды ең мықтылармен кездесті. Ғаламның алдында ешкімге мойынсұнбайтын олар, біздікілерден мұндай қарсылықты күтпесе керек. Қаншама жыл бойы олар әлемдік шайбалық кездесулерде өз биігін әлдеқашан алып қойған болатын. Атап айтар болсақ, Оңтүстік Корея, Венгрия, Ұлыбритания және Словакия командаларын шаң қаптырды. Хоккейшілеріміз бәрінен оқ бойы озық тұрды. Соған қарамастан, отандастарымыз әжептәуір нәтиже көрсетті.

Осындай табандылық пен қайтпас қайсарлықтың арқасында қола жүлдені ұтты. Бұл біздің ел үшін қуантарлық әрі жағымды

ҚОЛАНЫ МІСЕ ТҰТТЫ

АҚШ-тың Лэйк-Плэсид қаласында өтіп жатқан қысқы Универсиадада шаңғышылар арасында 15 шақырымға жаппай старт өтті, деп хабарлайды Inform.kz. Қазақстан намысын 6 шаңғышы қыз қорғады: Ксения Шалыгина, Надежда Степашкина, Лаура Қиыбаева, Айша Рақышева, Анастасия Ротова және Мария Люфт. Олардың арасында үздік нәтижені отандасымыз Ксения Шалыгина көрсетті. Ол дистанция көшбасшысынан 11,7 секунд артта қалып, «қолаға» қанағат тұтты. Алтын жүлдені эстониялық шаңғышы Мариэль Пуллес жеңіп алды. Күміс медаль Америка спортшысы Кендалл Крамерге бұйырды (+0.4 секунд). Айта кетейік, бұл Ксения Шалыгина үшін Универсиада-2023-тегі екінші медаль. Ол Айша Рақышева, Надежда Степашкина енген құраммен эстафетада «қолаға» қол жеткізген еді.



жаңалық болды. Жарыстың соңғы шақтарында жерлестеріміз мұз алаңына шықты. Студенттік құрама шайбаны қарсыласқа молырақ салуға тырысты. Ғалым Мәмбеталиевтің шәкірттері Жапония құрамасына төтеп бере алды. Матч 8:1 есебімен аяқталды. Алғашқы есепті Максим Мұхаметов ашты. Ойынның 20 минуты тек бір ғана голмен өтті. Сарапшылар мұндай бәсеңсудің артын басқаша болжады. Тіпті, алаңдаушылық үдере түсті. Дейтұрғанмен, екінші кезеңде Саян Данияр, Максим Мусоров, Әлихан Өмірбеков және Батырлан Мұратов

тағы төрт гол салды. Осылайша жігіттеріміз бірінен соң бірі жақсы нәтиже көрсете берді.

Жапондықтар бізден айланып асыра алмады. Олардың жалғыз голын Юто Гондира енгізді. Түйінделер уақытта Қазақстан құрамасының қарқыны артты. Сөйтіп, тағы үш мәрте қарсыласқа шайба кіргізді. Бұл жолғы жеңісті жақындатқандар Әли Қасенов, М.Мұхаметов және Данил Бутенко еді. Олардың еңбегі еленіп, есеп нәтижесі артып кетті.

Әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Жанашырлыққа жан риза

Қайырымдылық – халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. Алматы қаласының Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты №11 мекемесінде, яғни кәмелетке толмаған сотталған жасөспірімдер отырған колонияға қамқорлық танытатын, жүрек жылуын беріп жүрген жандар аз емес.



Жуырда «Жартас Қазақстан» қоғамдық қорының президенті Роза Қайғатырова бас бостандығынан айырылған жасөспірімдердің ортасына келіп, әңгіме-дүкен құрып, ақыл-кеңесін айтып, жақсылыққа үндеді, әрі құр қол келмей, мол сыйлығын арқалай келіпті. Ол балалар бос уақытын тиімді өткізсін деген ниетпен спорттық велотренажер сыйлады және қысқы етіктер, жылы шалбар, шұлықтар, әр балаға тәттілер ұсынды. Жеткіншектерге жақсы азамат болуларына тілек білдірді.

«Жанашырлыққа жан риза» демекші, жастардың да балаша қуанып қалғаны анық.

Нұр ЖАМАЛ.

КЕРЕК ДЕРЕК



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ!

«Керуен-Medicus» ЖШС-не:

- медбикелер;
- бухгалтер;
- байланыс орталығының операторлары;
- санитарлар;
- гардеробшы;
- кеңсе тазалаушы керек.

Тел.: 8 702 207 77 70.

«Maksat Мед» ЖШС-не:

- жалпы тәжірибелік дәрігер;
- санитарлар;
- мейірбике керек.

Тел.: 8 707 328 23 98.

«Казлегпром» ЖШС-не:

- тігінші керек.

Тел.: 8 778 931 89 81.

Республикалық отбасылық-дәрігерлік орталығына:

- заңгер;
- дәрігер-гастроэнтеролог;
- адвокат көмекшісі;
- мейірбике;
- медициналық тіркеуші;
- зертханашы керек.

Тел.: 8 747 285 58 36.

«КОМПАНИЯ ОБИС» ЖШС-не:

- сауда өкілі;
- аула сыпырушы;
- ағаш ұстасы;
- тасымалдаушы;
- қоймашы;
- кеңсе тазалаушы;
- өндіріс операторы;
- ораушы;
- желідегі операторлар;
- автослесарь керек.

Тел.: 8 701 220 88 14.

Жұмсақ жиһаз фабрикасы-на:

- құрастырушы;
- жақтауды жинаушы;
- ДВП жинаушы;
- көбік жабыстырғыш;
- үй-жайларды тазалаушы керек.

Тел.: 8 747 016 41 99.

«Рога и копита» ЖК-ға:

- тігінші керек.

Тел.: 8 777 173 14 09.

«Keruen LLP» ЖШС-не:

- наубайшы;
- кондитер;
- үй-жайларды тазалаушы керек.

Тел.: 8 777 112 00 92.

«Наследник» отбасылық ойын-сауық орталығына:

- аспаз;
- бухгалтер;
- тазалықшы керек.

Тел.: 8 777 280 39 18.

«ИНВИТРО» зертханасына:

- байланыс орталығының операторлары керек.

Тел.: 8 771 228 89 08.

«Геликон Авто» ЖШС-не:

- автомеханик;
- автоэлектрик керек.

Тел.: 8 707 120 20 08.

«Кастинг» ЖШС-не:

- әртүрлі жұмыстарға жұмысшылар;
- электрик;
- слесарь-сантехник;
- кран машинисі керек.

Тел.: 8 701 760 54 23.

«Алси» компаниясына:

- сату жөніндегі менеджер;
- қоймашы;
- персонал менеджері;
- клиенттерге қызмет көрсету менеджері;
- тендер менеджері керек.

Тел.: 8 705 310 30 85.

«Тәртіп» АҚ-на:

- жүргізуші (В, С, Д, Е);
- жүк тасушы керек.

Тел.: 8 701 397 12 48.

№30 қалалық емханаға:

- мейірбике;
- акушер;
- санитар керек.

Тел.: 8 747 817 36 22.

«Тағам» ЖШС-не:

- таратушылар;
- аспаздар;
- үй-жай тазалаушы керек.

Тел.: 8 777 537 58 75.

«Нәзік» ЖШС-не:

- аспаз;
- сатушы-кеңесші;
- даяшылар;
- үй-жай тазалаушы керек.

Тел.: 8 775 140 45 91.

Аймақтық диагностика-лық орталыққа:

- санитаркалар керек.

Тел.: 8 777 359 76 90.

«Алматы Электро Транс» ЖШС-не:

- техникалық қауіпсіздік инженері;
- сырлаушы керек.

Тел.: 8 778 604 36 51.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 549,10 теңге // 3 айға – 1647,30 теңге // 6 айға – 3294,60 теңге, 11 айға – 6605,50 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1369,10 теңге // 3 айға – 4107,30 теңге // 6 айға – 8214,60 теңге, 11 айға – 17825,50 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 469,10 теңге // 3 айға – 1407,30 теңге // 6 айға – 2814,60 теңге, 11 айға – 4845,50 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

* *бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* *құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;*

* *құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!*

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



Бас директордың міндетін уақытша атқарушы –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail: aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамына: +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

БҰЛ ҚЫС

БҰРЫНҒЫ ҚЫСТАН ӨЗГЕРЕК



Бұл қыс бұрынғы қыстан өзгереді. Қатқылдау. Суық желі қойны-қонышынды емін-еркін аралап, тоңдырып әкетеді. Аязы бетінді аяусыз шымшиды. Қары да қалың. Сөйтіп, қаланы да, даланы да әбігерге салып-ақ тұр. Қыс дегенде ойға орала кеткен бірер сөзімізді өрнектей кетсек деп едік.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

ТҮННЕН ТҮГЕЛ ШЫҚТЫҢ БА?

Біз бәрі алдында жайнап тұрған заманның адамдарымыз, бүгінде осындай қыста дірдектеп отын жарып, қолың күйелеш-күйелеш болып от жақпаймыз, үйіміз көгілдір отынмен жылиды. Тіпті, Алматының шеткі аудандарындағы жеруілер де табиғи газға көшкен. Бұрынғыдай мұржарлардан түтін көрмейміз.

Ертеде қазақ келіні таңмен таласа тұрып, алдымен киіз үйдің түндігін ашып, от жағатын болған. Шаңырақтан түтіннің көрінгені – сол үйдің түннен түгел шыққан тыныштығының хабаршысындай болған. Күнделікті қоңыр тірліктің дағдылы көрінісі болғанымен, астарында үлкен пәлсапа жатыр, ә?!

Бала күнім көз алдымда. Таң қараңғылығында мен де оянып алып, жылы көрпенің астынан сығалап жатушы едім, «апам қашан кіреді екен даладан» деп. Есіктің ашылған-жабылғанына құлақ түріп елендеп жатамын.

Сосын анам көрінеді есіктен, бір құшақ отын алып кіреді. Анаммен бірге бір құшақ жылылық та енеді үйге. От жағады сосын. Ошақ ішіндегі жыңғылдың шытыр-шытыр етіп жағылған дауысы сондай жағымды болатын. Ал анам сол отынға қарап шоқып үнсіз отыратын. Ойланып. (Балалығымыз ғой, не ойлайтынына мән бермеппіз). Сосын бір мезетте көмірін салады ошаққа. Біз түгел оянганда үй жылы тұрсын дейді ғой. Міне, қыста біз, бала біткен тоңбайтынбыз. Шешелеріміз от жағып қояды. Ұйқыдан тұра салып сырғанаққа кеткіміз келіп тұратын. Қазір сырғанайтын заттың түр-түрі бар. Біздің кезімізде қолдан жасалған шана еді, ол болмаса ешқашан жыртылмайтын мектеп сөмкемізге де жатып алып сырғанап кететінбіз. Тіпті, жылтырап жатқан мұз үстіне де құйрығымызбен отыра қалып ұшатынбыз. Әсіресе, демалыс күндері таңнан кеткеннен кешке

бір-ақ оралатынбыз темір шаңамызды сүйретіп. Екі бет қып-қызыл, бұтымыздағы шалбардың қар аралас мұзы салбырап, тоңғанымызды, қарнымыздың ашқанын да білмеуші едік. Анамыздың алдымызға қойған ыстық сорпасын бір ұрттауға да әліміз келмей, жылы пештің түбінде мауырап ұйықтап кететін сәттер-ай!



Қасқыр ешқашан екі рет жүп құрмайды екен. Терісін тірідей сойып алсаң да қыңсылап, дыбысын шығармайды деседі. Қасқырдың ішігін жамылған адамды боран болсын, ызғар болсын, ала алмаған. Әйелі жүкті кезінде ер адам түсінде көк бөрі көрсе, онда ол текті бала туады деп жорыған. Қазақ ұйыққан қасқырды атпаған, өршеленіп кетеді деп ойлаған. Жазатайым атып қалса, екеуін де атып алуға тырысқан. Өйткені, біреуі аман қалса, сол күннен бастап сол ауылдың малына да, жанына да шабуыл жасаған. Аңшылар қасқырды аулауға шыққанда, мылтығының ұңғысының аузын жауып қоятын болған. Себебі, қасқырлар неше шақырымнан болса да мылтықтың иісін сезіп қояды екен. Қасқыр талаған малды қатарға қайта қосылмайды деп сойып тастаған. Қасқыр түйеге тиіспеген, киесін таныған. Егер де түйе шөгіп жатса, үстінен секіріп өткен.

ҚЫСҚЫ АС МӘЗІРІ

Жыл мезгілдерінің жаманы жоқ. Алайда, әр мезгілдің өзіндік ерекшелігі бар. Әдетте адамдар мезгіл ауысқанда оған тек үстіндегі киімдерін ауыстырып бейімделеді. Алайда, ауа райының ыстық-суық болуына қарай алдымыздағы ас мәзірін де өзгерткен жөн.



ДӘРУМЕНДЕР

Жылдың ең суық айларында бактериялар мен вирустардан ең жақсы әрі табиғи қорғаныс болады

Қысқы мезгілде адамдарға негізінен D дәрумені жетіспейді екен. Себебі, адамдар жылы үйден, не жұмыс орнынан далаға жиі шықпайды және соның әсерінен күн шуағынан қажетті қуат алмайды.

Сондықтан мамандар қысқы уақытта саңырауқұлақтарды жиі тұтынуға кеңес береді. Әсіресе, шиитаке саңырауқұлақтары иммунитетті айтарлықтай жақсартады. Өйткені, онда D дәрумені және B тобындағы дәрумендер, сондай-ақ адам ағзасына маңызды 8 аминқышқылдарының 7-еуі бар. Бұл иммундық жүйеге вирустық инфекциялардың қысымы көбейетін қыста таптырмас қосымша дәрумен көзі болады.



Қыста денсаулықты нығайту және аурудың алдын алу үшін адамдарға қосымша C дәрумені қажет. Апельсин, лимон, лайм және грейпфрут секілді цитрус жемістерінде дәл осы дәрумен көп. C витамині құрамында жоғары мұндай жемістерді жиі тұтыну жылдың ең суық айларында бактериялар мен вирустардан ең жақсы әрі табиғи қорғаныс болады.

Халқымыз «ет – етке, сорпа – бетке» деп ас мәзіріндегі сорпаның орнын бұрыннан ерекше айтып өткен. Мұны бүгінгі ғалымдар да қостап отыр. Американдық психологтар өз зерттеулерінде қыс кезінде жеңіл әр жылы тағамдарды тұтыну адамдардың көңіл күйіне жағымды әсер ететінін анықтаған. Зерттеушілер, әсіресе, сорпа секілді сұйық тағамдардың орнын бөліп көрсеткен.

Суық кезде адамдар көп калория жоғалтады. Сондықтан қазір жидек, жүгері және қызанақ сынды жазғы мәзірдің тағамдарын азайтып, оның орнына картоп, сәбіз, сарымсақ, пияз және өзге де өнімдерден жасалған сұйық тамақ ішкен дұрыс. Оның ішінде асқабақтың орны ерекше. Бұл өнімнің құрамында магний, бета-каротин, C және B6 дәрумендері көп және оның қан қысымы мен холестерин деңгейін төмендетуде көмегі орасан зор.

Әзірлеген Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.